



# KPD news

№ 1 (19)  
Қаңтар – Ақпан 2023  
KazPetroDrilling АҚ  
корпоративтік газеті  
www.kazpetrodrilling.kz



## БҰЛ НӨМІРДЕ:

### ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

#### «БҰРҒЫЛАУ БАСПАНА»: СЕГІЗІНШІ БАСПАНА ЖАЛҒЫЗ БАСТЫ АНАҒА БҰЙЫРДЫ

Бұған дейін жеті отбасының мұқтаждығынан арылып, баспаналы болуына үлес қосқан «Бұрғылау баспана»...

(4-бетте)

### СПОРТ

#### СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР

Салауатты өмір салтын ұстану, спорттық шараларға белсенді қатысу соңғы кездері сәнді әрі пайдалы үрдіске айналды. Әсіресе мекеме қызметкерлерінің ұжымдық шараларға аса қызығушылықпен қатысуы қуантарлық жағдай...

(6-бетте)

### ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

#### «ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС»: ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРҒА КӨШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСТЫ НАЗАРДА

Ұңғымаларды күрделі жөндеу саласындағы тарихы сонау 1953 жылдан басталатын...


(9-бетте)

### ӨНДІРІС ТЫНЫСЫ

#### БІРЛІГІ МЫҚТЫ ҰЖЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Құбыр өнімдерін жөндеу және өндірумен айналысатын арнайы кешен «ТруБремЦентр» серіктестігінің дәл қазіргі уақыттағы тыныс-тіршілігі туралы не айтуға болады?...

(12-бетте)



**Наурыз  
мерекелерімен  
құттықтаймыз!**

### АРДАҚТЫ ХАНЫМДАР! АЯУЛЫ ҚАРЫНДАСТАР!

Сіздерді көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Барлықтарыңызға көтеріңкі көңіл күй, шексіз бақыт және зор денсаулық тілеймін! Еңбектеріңіз жемісті, отбасыларыңыз аман, өмірлеріңіз жайлы, жағымды әрі қамқорлық пен жылылыққа толы болсын! Арайлап атқан әрбір таң Сіздерге тек қуаныш сыйласын!

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР!

Наурыз мейрамының халқымыз үшін маңызы бөлек. Көктің тынысын тыңдап, жердің тамырын басқан, тұрмыс-тіршілігі табиғат-анамен тығыз байланысқан зерделі халқымыз Наурызды – Ұлыстың ұлы күні, қазақша жыл басы деп таныған. Ол – қайта түлеп жаңарудың, молшылық пен береке-бірліктің символы. Осындай тамаша мерекеге орай айтарым, бірлігіміз нығайсын, біртұтас команда болып қолға алған жоспарларымыз орындалсын, ісіміз алға бассын, жаңа жобалар, тың бастамалар көбейсін, табысымыз молайсын! Еліміздің іргесі сәгілмесін, баршамыздың отбасымыз аман, деніміз сау, аспанымыз ашық болсын! Әр шаңыраққа ынтымақ пен ырыс, мол қуаныш тілеймін!

Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мейрамы құтты болсын!

Ізгі тілекпен,  
Гайдар Адамсопиев,  
«KazPetroDrilling» АҚ Президенті





**Ернар Ешмұқан,**  
«Бұрғылау» ЖШС

*Еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосып жатқан «Бұрғылау» мекемесі – мұнай-газ сервисі саласындағы ірі компаниялардың бірі. 50 жылдан аса тарихы бар кәсіпорынның бүгінгі жетістігі де, даму қарқыны да көңіл қуантады. Әлбетте, мұның бәрі ұжымдық еңбектің нәтижесі екендігі белгілі. Солай дегенмен кәсіби білімі жоғары, ізденімпаз әрі іскер басшы болмаса кез келген ұжымның өздігінен жетістікке жете қалуы да екіталай. Міне, сондықтан біз бүгін «Бұрғылау» ЖШС Бас директоры Қанат Ермеқұлы Қонақбаев мырзаны сұхбаттасуды жөн көрдік. Әңгіме барысында іргелі кәсіпорынның тыныс-тіршілігі және болашақ бағыт-бағдары туралы мәліметтерді жан-жақты қамтуға тырыстық.*

– Қанат Ермеқұлы, сұхбатымыздың басында өзіңіз туралы қысқаша айтып өтсеңіз? Қай жерде және қандай отбасында өмірге келгеніңіз, балалық шағыңыз, таңдаған мамандығыңыз және еңбек жолындағы алғашқы қадамыңыз туралы білсек?

– Өзім туралы айтар болсам, 1983 жылы 12 ақпанда Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы Ақжайық ауылында дүниеге келгем. Әкем мен анам кеңес үкіметі кезінде тауартану қызметінің мамандары болды. Кейіннен әкем газ саласында қызмет атқарды. Отбасында үш баланың ортасыншымын, апам және інім бар. Балалық шағым қызыққа толы ауылдық жерде өтті.

Жалпы мамандық таңдау маған қиындық туғызбады. Себебі мектепте оқыған кезімде химия және физика пәндеріне қатты қызықтым. Соның арқасында мұнайшы мамандығын таңдадым. Осы пәндер бойынша мектепшілік, аудандық, облыстық олимпиадалар мен түрлі сайыстарда жүлделі орындар алып жүрдім. Мектеп бітірген 2000 жылы арнайы түлектерге тегін оқуға мүмкіндік беретін грант жеңіп алып, Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетіне мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау мамандығы бойынша оқуға түстім.

Жоғары оқу орынын бітіретін жылдары «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Қ. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің арасындағы келісім-шарт негізінде «Жас маман» бағдарламасы бойынша түлектер арасында іріктеу өткізілді. Сол іріктеу кезеңінде сынақтан сүрінбей өткен 20 түлекті еліміздің бас қаласы Астанадағы «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясының ғимаратында теориялық және тәжірбиелік біліміміз бойынша әртүрлі сұрақтар қойылып, нәтижесінде 2 түлек қабылданып жолдама берілді. Соның бірі маған бұйырған болатын. Жоғары оқу орнын үздік дипломмен аяқтап, алған жолдама бойынша алғашқы еңбек жолымды 2005 жылы Атырау қаласындағы «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-де бұрғышының көмекшісі болудан бастадым. Тәжірбие жинау барысындағы алғашқы қадамым «Матин» кен орынындағы М. Сарсенов бригадасының Кремко 400 қондырғысынан бастау алды. Сайын даланың сыртына қанық бұрғылау жұмыстары мұнайшы болу талабыма үлкен үлес қосты. Бір жылдан кейін жоғары білімімді ескерген мамандар бөлімінің қызметкерлері сұхбат өткізіп, технологиялық бөлімге бекіту инженері қызметіне ауыстым. Одан кейін Холдинг деңгейінде әртүрлі салада көптеген қызметтер



## «БҰРҒЫЛАУДЫҢ» БОЛАШАҒЫНА ОҢДЫ ЫҚПАЛЫН ТИГІЗЕТІН ЖОСПАРЛАР КӨП

атқардым. Мұнай саласының майталмандарынан тәлім алып, мол тәжірибелерге қол жеткіздім.

– Бала кезде бірінен соң бірі туындайтын арманның қиялында шек болмайтыны бәрімізге белгілі. Сол кездерде мұнайшы болу ойыңызда болып па еді?

– Біздің бала кезімізде ауыл балалары көбіне көлік жүргізушісі болуға қызығатын. Менің де бала кезімдегі арманым көлік жүргізушісі болу еді. Бірақ есейе келе арманым өзгере бастады. Бір кездері ауылдың іргесінде екі бұрғылау қондырғысы қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Ойын баласы болғандықтан қызығушылық танытып қастарына барып қызметтері туралы сұрайтынбыз. Олардың бұрғылап қазу арқылы жер астын зерттеп, жер қойнындағы қазба байлықтарын игеретін қызметтері мені қызықтыратын. Сол сәттерден бастап мұнайшы болуға ұмытылысым артты.

– Сіздің спортты жақсы көретініңізді білеміз. Бала күніңізде қандай спорт түрімен айналыстыңыз және қай спортқа қатты қызығасыз?

– Ауылдық жерлерде көп спорт үйірмелері бола бермейді. Бірде ауылымыздағы балалар және жасөспірімдер спорт мектебіне таэквондо спортының жаттықтырушысы келді. Сол үйірмеге екі жылдай қатыстым. Ауыл және аудан көлеміндегі жарыстарға қатысып, жасыл белбеу дәрежесіне жеттім. Артынан жаттықтырушымыз қалаға көшіп кеткендіктен үйірме жабылып қалды. Бұдан басқа баскетбол, футбол, волейбол спорттарымен айналыстым. Мені қатты қызықтыратыны – волейбол спорты. Бұл спортты мектеп кезінен серік еттім. Жетістіктерім де аз болмады. Ауданның құрама командасында жүріп облыстық чемпионаттарда да жүлделі орындарды иелендік. Кейін жоғары оқу орнының құрама командасында ойнадым. Қазір мекеме арасындағы жарыстарға мүмкіндігімше қатысып тұрамын.

– «Бұрғылауға» келгенге дейін «ҚазТехМұнайСервис» мекемесінде Бас директор қызметінде болғаныңызды білеміз. Ең алғаш тізгінді қолға алып мекеме басқарғанда қиындыққа ұрынған кездеріңіз болды ма?

– Әрине адам пенде болғасын кейде сөзден, кейде істен жаңылып жатады. Күнделікті әртүрлі шешім қабылдайтын жауапкершілікке толы мекеме басшылығының тізгінін қолға алған кезімде жаңылмасам деген қорқынышым болды. «Ел басқардым дегенше, өртке кірдім дегейсің, уайым, мұң жүгінен төрт бүгіл-

дім дегейсің» деп Жүсіп Баласағұн айтқандай көптің көңілінен шығу, артылған жүкті абыроймен өтеу кімкімге де жеңіл тимейді. Іштей алаңдағаным болмаса мекеме ұжымы жақсы қабылдады. Қызметкерлерінің көбі бұрынғы «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» серіктестігінде бірге еңбек еткен әріптестер болғандықтан, «ҚазТехМұнайСервис» мекемесін дамыту барысында да өзара ауызбіршілік таныта отырып бірлесе жұмыс істедік.

– Сол алғашқы басшылық қызметте жеткен жетістіктер мен тәжірибелеріңіз туралы айтсаңыз? Ұжымды басқаруда қандай қағидаларға сүйенесіз?

– Алғашқы басшылық кезең мен үшін үлкен тәжірибе мектебі болды. Мекеме жетістігінің тұрақтылығын сақтап ары қарай дамыту үшін мүмкіндігімше әрекет ете білдім. Жұмысшылардың жалақысын көтеру, әлеуметтік деңгейлерін көтеру, ескі қондырғыларды жаңарту сынды жетістіктерге жетелеген бастамаларға себепкер болдым.

Әр адамның қызметтегі кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. Бұл – менің өмірлік қағидам. Кәсіби шеберлік пен жауапкершілік артқан кезде кәсіпорынның қызмет сапасы артатыны бәрімізге мәлім. Қызмет сапасы жақсы мекеменің жетер жетістіктері мен алар асулары биіктемесе, төмендемейді. Ондай мекеменің бірлігі мен тірлігі жарасып, қай уақытта да бәсекелестік қабілеті заман талаптарына сай болады.

– Екі мыңнан аса адамды жұмыспен қамтып отырған «Бұрғылау» мекемесінің болашағы үшін қандай тиімді жоспарлар жүзеге асуда?

– Өмір үздіксіз дамуда. Үнемі алға ұмтылып өзін-өзі жетілдіріп, жан-жақты дамытып, сапалы қызметтер көрсетіп, заман ағымына бейімделу арқылы мекеменің бәсекелік қабілетін арттыру мақсатында көптеген жоспарлар қабылданып, үлкенді-кішілі шаралар жүзеге асуда. Жақында ғана Игеру цехына БАРС-80 көтергіш қондырғыларының 4 данасы сатып алынды. Бұдан бөлек Бұрғылау цехтарына F-1000 арнайы 7 сорап және САТ С-32 дизельді қозғалтқыштарының 3 данасы алынды. Сонымен қатар Бұрғылау және Игеру цехтарына 17 жаңа вагон берілді және АИТҚ-1 модульдік жаңа ғимараты іске қосылды. Жұмысшылардың әлеуметтік деңгейін көтеру мақсатында көптеген цехтарда жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жақында АИТҚ-3 жаңа ғимараты салынады.





Қызметкерлердің кәсіби біліктілігін арттыру аясында «Бұрғы тізбегінің кептеліп қалуының алдын алу және жою», «Жабығудың және жарылудың алдын алу», «Бұрғылау ерітінділерін дайындауға арналған жабдықтарды игеру», «Бұрғылау тізбегін бақылау» тақырыптары бойынша оқу тренингтері өткізілді. Сонымен қатар цементтеу зертханасын аккредиттеу үшін ұңғымаларды қоршау қызметі мен цемент шламын сынау зертханасының персоналын дайындау мақсатында қызметкерлеріміз «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету және өндірісті метрологиялық қамтамасыз ету», «MEMST ИСО/МЭК 17025-2019 бойынша өлшеу нәтижелерінің белгісіздігін бағалау» секілді оқыту шараларына қатысып, біліктіліктерін арттырды.

Бұл іс-шаралар мен жоба-жоспарлардың барлығы мекеменің алдына қойған мақсаттарына жетуіне, жаңа белестерге қадам басуына көмектеседі. «Бұрғылаудың» болашағына оңды ықпалын тигізетін жоспарлар көп, оның барлығын аз ғана уақыт ішінде орындауға мүмкіндіктер жете бермейді. Әлемдегі, елдегі нарықтың тұрақсыздығы көптеген жобалардың жүзеге аспай қалуына әсер етіп жатады. Жарты ғасырдан астам тарихы бар «Бұрғылау» тәрізді алып мекеменің болашағы бұлдыр болмауы керек. Ол үшін қазір бар мүмкіндіктер қарастырылуда.

**– Қазіргі командаңызға көңіліңіз тола ма? Командалық жұмыстың олқы тұстары деп нелерді айтар едіңіз?**

– Мекемені алып кеме дейтін болсақ, біздің әрқайсымыз сол алып кемеңіз біртұтас желкеніміз. Алып кемеңіз көздеген мақсаттарына жетуі үшін жетекші желкен мықты болуы тиіс. «Көп біріксе ел болар, көп тілегі көл болар» дегендей мекеме көшін алға сүйреуге ұмтылған команда көңіліміз әрине толады. Бұған дейін 2013 жылы «Бұрғылау» мекемесінде бұрғылау технологиясы жөніндегі атқарушы директор болып қызмет еткендіктен мұндағылардың бәрі бұрынғы әріптес ұжымдастарым. Бұл қызмет орнымды екінші үйімдей сезінемін.

Ал енді командалық жұмыстың олқы тұстары дегенге келсек, әзірге сондайлық бір үлкен кемшіліктер бола қойған жоқ. Бірақ қарым-қатынастың алшақтығы, сенімсіздік білдіру, жалқаулық таныту, кәсібіне немқұрайлы қарау тәрізді олқылықтардың бар екендігін мойындауымыз керек.

**– «Бұрғылауда» адамның денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігі қашанда басты назарда екендігін білеміз. Осы бағыттағы іс-шаралар жоспарында қандай да бір жаңалықтар, өзгерістер бар ма?**

– Қай кезде болмасын мекеме үшін басты құндылық – бұл әрбір жұмысшының өмірі мен амандығы. Еңбек қауіпсіздігіне салғырт қарайтын компания ешқашанда үздіктер қатарына ене алмайды. Еңбекті қорғау қызметіндегі негізгі мақсаттарымыз – өндірісте жарақат алу мен оқыс оқиғаларды және денсаулыққа залал келтіруді болдырмау; қызметтің қоршаған ортаға тигізер кері әсерін азайту және мекемеміздің беделі мен имиджін көтеру. Басты бағытымыз – қауіпсіздікті күшейту, оның

алдын алу және тексерістер арқылы кемшіліктерді жою. Өйткені кез келген жағдайда адам өмірі және оның қауіпсіздігі серіктестік үшін алдыңғы қатардағы мәселе.

«Бұрғылау» мекемесінде еңбек қауіпсіздігін жақсартуда мекеме қызметкерлерінің кәсіби біліктіліктері мен тәжірибелік мүмкіндіктерін арттыру үшін әртүрлі деңгейдегі жобалар мен іс-шаралар өткізіліп келеді. Оқыс оқиғаларды болдырмау және жарақаттануды азайту үшін қазіргі уақытта Near-miss жаңа бағдарламасы жүзеге асуда. Қысқаша айтар болсақ, Near – miss бағдарламасы дегеніміз – жарақат алу, ауруға шалдығу немесе зақым келуі тәрізді оқиғаларға ұшыратуы мүмкін қауіптің алдын алу. Кішігірім оқиғаның себептері кейде күтпеген жерден үлкен апаттарға әкеп соқтыруы мүмкін. Near – miss бағдарламасы қызметкерлер үшін ықтимал қауіпті жағдайларды бақылауға және болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «Сақ маман» жобасы да жақсы нәтиже беруде. Бұл жобаның мақсаты – жұмыс кезінде өзіне берілген тапсырмаларды ережеге сай сапалы әрі жауапты жүргізу және қауіпсіздік мәдениетінің жақсаруына үлес қосу, сонымен қоса еңбек жағдайын жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

Осыдан біраз уақыт бұрын уақытты тиімді пайдалану мақсатында қызметкерлерді өндіріс орындарында оқытуға негізделген жылжымалы оқу орталығы іске қосылды. Еңбек қауіпсіздігінің мамандары әр үш ай сайын еңбек қауіпсіздігі бойынша есеп беру жиынын өткізіп тұрады. Жиын соңында еңбек қауіпсіздігінің талаптарын сапалы атқарған қызметкерлерге «Сақ маман» жобасының арнайы дипломдары мен сыйлықтары табысталады. Осылардың барлығы мекемедегі еңбек қауіпсіздігінің сапасын арттыру үшін жүзеге асырылып жатқан іс-шаралар.

**– Қазір озық технологияларды өндіріске енгізу жұмыстары жаппай қолға алынуда. Техникалық паркті толықтыру ісінің биылғы үрдісі қандай болады деп ойлайсыз?**

– «Бұрғылау» мекемесінің дамуына қомақты үлесін қосып жүрген Шегендеу цехында бүгінде 200-ге жуық арнайы техникаларымыз бар. Жүк көтергіш, жүк тасымалдағыш, жүк тиегіш, қосымша тіркемелер және ұңғыманы цементпен бекітуге арналған техникалар қызмет көрсетеді. Олардың біршамасы жаңаланды. Жақында шегендеу цехына 33 арнайы техника алынды. Осы жылдың жоспары бойынша тағы 10 жаңа арнайы техникамен толығыды. Сонымен қатар алдағы уақытта да арнайы техникаларды кезең-кезеңмен жаңартып іске қосуды жоспарлап отырмыз. Өндірісті тоқтатпау мақсатында жыл сайын арнайы техникалардың ақаулары қалпына келтіріліп, күрделі жөндеу жұмыстарына қажетті қосалқы бөлшектермен қамтамасыз етілуде.

**– Көгілдір көктемнің басындағы Әйелдер мерекесі және Ұлыстың ұлы күні – Эз Наурыз мейрамына орай айтар тілегіңіз?**



– Салқын күнді жылытып, ұйқыдағы табиғатты оятып, айналаны түрлендіретін көктем мезгілінде жүрегіне әлемді, құшағына ғаламды сыйдырған ең нәзік жаратылыстың төл мерекесі – 8 наурыз Халықаралық Әйелдер күні мерейлі мерекесімен барша әріптес Аналар мен Аруларды шын жүректен құттықтаймын! Көктем мерекесі көңіл-күйлеріңізді қуанышқа, жүздеріңізді шаттыққа, күндеріңізді бақытқа бөлей бергей! Көктемдей құлпырып, күндей жадырап, жұлдыздай жарқырап, гүлдей жайнап, бақыттың бағында, қуаныштың құшағында, осынау керемет өмірдің бар жақсылығына мәңгі бөленіп жүрулеріңізді тілейміз әрқашан!

Эз Наурыз құтты әрі нұрлы, берекелі, мерекелі болсын! Көктемдей жаңарып, күндей жарқырап, жаздай жадырап, жылдан-жылға амандықта жолығуды бұйырсын! Ортақ талаптарымыз оң болып, бірлесіп жетер жетістіктеріміз көп болғай! Ұлысымыз ырысқа, әр күніміз бақытқа толсын!

**– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!**

Әріптес

## ЕРЖАН ҚАРАБАЛАЕВ – «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК БҰРҒЫШЫСЫ»



Жыл басында «Мұнайшы» мәдениет үйінде Жаңаөзен қаласы әкімінің дәстүрлі «Жыл адамы - 2022» сыйлығын табыстауға арналған салтанатты жиын өткізілді. Өзінің атауы айтып тұрғандай, мұндай іс-шара жылына бір-ақ рет ұйымдастырылады. Ондағы мақсат – Отанға шынайы қызмет ете жүріп өз мамандығын жете меңгерген және еселі еңбегімен үлкен жетістіктерге жеткен мамандық иелерін марапаттау, өзгеге үлгі ету.

Салтанатты жиынға қала әкімінің орынбасары Жаңабай Аймағанбетов қатысты. Осы жолы үздік деп танылған әртүрлі сала мамандарының арасында біздің әріптесіміз де болды. Мұнай-газ өндіру саласына елеулі үлес қосып, ел экономикасының дамуына себепкер болып отырған «Бұрғылау» ЖШС Б-5 Ақмолдаев бригадасының бұрғышысы Қарабалаев Ержан Нұржанұлы «Жылдың үздік бұрғышысы» номинациясына лайық деп танылды.

Ержан Нұржанұлы 1972 жылдың 30 мамырында Түрікменстан Республикасы Балқан облысының Небитдаг қаласында дүниеге келген. Төрт баланың кенжесі. Туған жерінде №12 орыс орта мектебін аяқтап, Небитдаг қаласындағы И. М. Губкин атындағы мұнай және газ техникумына «Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау» факультетіне оқуға түсіп, 1992 жылы техник-мұнайшы мамандығын игеріп шығады. Сол жылдары

атажұрты Қазақстанға көшіп келіп Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына (Бұрғылау мекемесінің бұрғышы атауы) бұрғышының көмекшісі болып жұмысқа орналасады. Аталған қызметтің қыр-сырын үйреніп, жұмысқа төселе бергенде 1992 жылы күзде әскер қатарына шақырылады. Отан алдындағы борышын Қапшағайдағы инженерлік-саперлік бөлімде абыроймен өтейді. Әскердегі қызметіне көңілдері толған командирлерінің Отан алдындағы борышыңды ары қарай жалғастырсаңшы деген ұсыныстарын қабыл алып, 4 ай мерзімдік офицерлік оқуды оқиды. Офицерлік оқудан лейтенант дәрежесін алып, Отардағы инженерлік-саперлік бөлімде келісім-шарт бойынша 1994-1996 жылдар аралығында рота командирі қызметін атқарады. Алайда шаңырақтың иесі кенже бала болғандықтан, көп ұзамай-ақ ата-анасына қолқабыс ету мақсатында әскери қызметінен шығып, киелі мекен Маңғыстаудағы шаңырағына қайта оралады. 1997 жылы Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасына (бұрынғы атауы) орналасып, қазіргі «Бұрғылау» мекемесінде 4 дәрежелі бұрғышы көмекшісі болып жұмысын қайта жалғастырады. Сөйтіп, 2004 жылдан бері қазір Ақмолдаев Қыдырбай басқарып отырған №5 бригадада 5-інші дәрежелі бұрғышы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Алғашқы еңбек жолын мұнай алаңынан бастаған Ержан Нұржанұлы бүгінде ұжымға сыйлы майталман маман. Аптап ыстық пен сақылдаған сары аязға қарамастан жер қойнауына бұрғы жіберіп, мұнай игеріп, ел экономикасының дамуына үлес қосып жүрген бұрғышы өз бақытын еңбектен тапқанын айтады.

– Бұрғышының еңбегі асқан шыдамдылық пен сақтықты қажет етеді. Қазір мекемеде жұмысшыларға арнап бар жағдай жасалған деп толық айта аламыз.



Заман талабына сай көптеген құрылғылар мен құрал-жабдықтар жаңаланды. Іске қосылған жаңа технологиялардың арқасында жұмыс сапасы жақсарып, мекемеміздің дамуы артып келеді. Еңбектің оңайы жоқ. Әйтсе де әр адам өз жұмысын ықыласпен жақсы көріп, жетік меңгерсе ғана даму да, өркендеу де болады, – дейді үздік бұрғышы.

Ержан Нұржанұлы – жұбайы Камила Масабаева екеуі 5 бала тәрбиелеп отырған өнегелі отағасы. «Еркек – ат басында, әйел – отбасында» дегендей, адал еңбегімен елге танылған азамат бүгінде жұбайымен бірге тату-тәтті ғұмыр кешуде. Ол – келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болып жүрген мекеме мақтаншысы. Ұжымда сыйлы, әріптестер арасында беделді азаматтың әрдайым абырой биігінде болуын тілейміз!



## Қайырымдылық

# «БҰРҒЫЛАУ БАСПАНА»: СЕГІЗІНШІ БАСПАНА ЖАЛҒЫЗ БАСТЫ АНАҒА БҰЙЫРДЫ

Ернар Ешмұқан,  
«Бұрғылау» ЖШС

Бұған дейін жеті отбасының мұқтаждығынан арылып, баспаналы болуына үлес қосқан «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қоры жуырда кезекті сегізінші баспананың кілтін табыс етті. Бұл жолы баспаналы болу бақыты жалғыз басты ана Айтбаева Светланаға бұйырды. Жүректі мейірімге толтырған көңіл қуантарлық іс-шараға «Бұрғылау» мекемесінің қоғаммен байланыс жөніндегі басқарушы директоры Дулат Амангелдіұлы, «Бұрғылау» мекемесінің моторисі Омаров Есенгелді, «Бұрғылау баспана» қайырымдылық қорының белсенділері және Айтбаева Светлананың Жаңаөзен қаласы мен Қарақия ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінде бірге қызмет ететін әріптестері қатысып, жүрекжарды ықылас-пейілдерін білдірді.

Бірнеше жылдан бері пәтер жалдап күнелткен, жуырда ғана отағасынан айырылған жалғызбасты ананың өмірдегі қиындықтары бір басынан жетіп артылады. Жарық дүниеге әкелген үш перзентінің екеуі туылғаннан ақыл-ойдың артта қалуы (умственная отсталость) диагнозымен ауырады. Жаңаөзен қаласының және Қарақия ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінде (военкомат) еден жуушы болып қызмет ететін Айтбаева Светлананың алатын жалақысы 65 мың теңге. Жұмыстан кейін мейрамханаларға барып ыдыс-аяқ жуып тапқан табысын қосқанның өзінде келесі айға қарызданып жететін Светлана Жолдасбайқызына баспаналы болу арман ғана болатын. Қазірдің өзінде банктегі несиелерін уақытылы төлей алмағандықтан жалақы алатын есеп-шоты жабылған. Тағдырдың тауқыметін тартса да, өмірден түңілмей балаларын қоғамға араластырып, қатарға қосу үшін бар мүмкіндіктеріне сүйеніп жүрген жалғыз басты ананың бүгін көз жасы тыйылмады. Әрине, бұл – қуаныштың көз жасы.

Шара соңында ізгілікті істің шапағатын көріп, қажетті бұйымдармен толықтай жабықталған ұдай жайлы екі бөлмелі баспананың табалдырығын атаған Светлана Жолдасбайқызы қуаныштан көзіне жас алып, баспаналы болу бақытына бөлеген «Бұрғылау баспана» тобының азаматтарына алғысын білдіріп, отбастарына бақыт, шаңырақтарына шаттық тіледі.

ҚАМҚОРЛЫҚ ПЕН ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ ЖАНДАРҒА МЕЙІРІМДІЛІК ТАНЫТЫП ЖҮРГЕН «БҰРҒЫЛАУ» ҰЖЫМЫНА АЛҒЫСЫМЫЗ ШЕКСІЗ!

– Кеше «Бұрғылау» мекемесіндегі қайырымдылық қорының белсенділері келіп, әріптесіміз Айтбаева Светланаға пәтер сыйлағысы келетіндерін айтқанда, қуанышымызда шек болмады. Ертең табыстаймыз, тек Сіздер берілетін пәтерге тосын сый ретінде нақты айтпай әкелсеңіздер дегенде қуаныштан жарыла жаздадық. Бұл қуанышты естігенде құдды бір өзіміз баспаналы болатындай, ертеңгі күннің таңы тез атса екен деумен болдым. Себебі Айтбаева Светлана әріптесіміз Жаңаөзен қаласының және Қарақия ауданының қорғаныс істері жөніндегі біріктірілген бөлімінде 5 жылдан бері еден жуып келеді. 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп отырған аяулы ана. Екі ұлы туылғанынан науқас. Жары ішке түскен ісік ауруынан қайтыс болған. Көптеген жылдар бойы үй жалдап, әр үйдің есігін сағалап, екі ауыратын баламен жүрген күндері аз болмады. Қаражаты жетпей, үй жалдау ақшасын төле алмай қынжылған күндері қаншама. Алған несиесін төлей алмай банк есепшотын жауып тастап, айлық алмай жұмыс жасап жүргенде де мойымады. Әріптес болғаннан кейін Светлананы өте жақсы білеміз, ақкөңіл, ақжарқын жан. Қаншама қиналса да жымыған жүзіндегі жылулығы төгіліп тұрады. Күндіз мекемеде жұмыс жасап, кешке мейрамханаларға барып ыдыс жуып жүрсе де қажығанын білдірмейтін мықты ана. Бүгін міне 2023 жылы қаңтар айы жақсы жаңалығымен келіп, Алланың қолдауына бөленуде. Өмірде қиындық сәттерден арыла алмай жүрген әріптесіміз Светланаға осы жылы бақытқа бөленетін де күн бұйырыпты.


Құрметті де, қадірлі «Бұрғылау» мекемесінің қайырымды жандары, кезекті 8-ші баспананың әріптесіміз Светлана Жолдасбайқызына бұйырғанына өте қуаныштымыз! Алла разы болсын Сіздерге! Атымтай жомарт атанып, мұқтаж жандарға үлкен көмек көрсетіп, көптеген отбасыға бақыт сыйлап жүрсіздер. Бұл үлкен игі іс. Баршаңыздың жанұяңызға денсаулық, бақытқа толы жарқын өмір тілейміз! Мекемелеріңіз көркейіп, жұмыс көлемдеріңіз артып, ауызбіршілік пен тату тірліктеріңіз жараса бергей!



Қамқорлық пен қолдауға мұқтаж болған жандарға мейірімділік танытып, жылулық сезімін төге беріңіздер, істеріңізге береке, жолдарыңызға ақ жол тілейміз! – деп жүрекжарды лебізін білдірді Светлананың әріптесі Еңсепова Сәуле.

## Жаңалықтар

## МОДУЛЬДІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА



«Eurasian Center for People Management» орталығы мен «KazPetroDrilling» АҚ арасындағы келісімшарт негізінде жүзеге асқан модульдік оқу бағдарламасы 2022 жылдан бастап инженерлік қызметкерлердің біліктіліктерін арттырып келеді. Белгіленген бағдарлама бойынша қазіргі уақытта Жаңаөзен қаласындағы «Бастау» қонақ үйінің мәжіліс залында «өндірістік қатынастар мектебіне» енгізілген «заң сауаттылығы» модулі бойынша «Бұрғылау» және «МұнайФилдСервис» компанияларының қызметкерлері тәлім алууда. Заң ғылымдарының PhD докторы, еңбек құқығы жөніндегі сарапшы маман Бибігүл Нұрашеваның сабағына қатысқан қызметкерлер көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып, ризашылықтарын білдіруде.

– Кәсіподақ көшбасшылығы мектебі, Әлеуметтік өзара әрекеттестік мектебі, Өндірістік қатынастар мектебі кезеңдеріне бөлінген оқу бағдарламасы әртүрлі модульдерден тұрады. Жақында басталған Өндірістік қатынастар мектебі оқу кезеңінің өзі бес модульден тұрады. Олар – заңнаманы білу, әлеуметтік және өндірістік психологияны білу, жобаны басқару, қазіргі заман форматтарына сәйкес қарым-қатынас дағдыларын игеру, даму қабілетін арттыру.

Аталмыш бағдарлама қызметкерлердің кәсіби білімдерін жетілдіруге, сондай-ақ жеке іскерлік қасиеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Тәжірибелі тәлімгерлердің жетекшілігімен жүргізілетін бұл әдістеменің білім алушылар үшін пайдасы мол, – деді Персоналды басқару бөлімінің жетекші инженері Жазира Әділбекова, осы іс-шараға байланысты пікірін сұрағанымызда.





## МҰНАЙШЫЛАР ӘУЛЕТІНІҢ МАҚТАНЫШЫ



Ардагер мұнайшы, Н. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қоғамдық қорының Жаңаөзен қаласындағы үйлестірушісі, Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы Тыныштық Белшерұлы – бүкіл елге танымал қоғам қайраткері, өмірімен өнеге болған қадірлі ақсақалдарымыздың бірі. Мұнай-газ саласындағы қажырлы еңбегінің арқасында көпшіліктің сый-құрметі-

не бөленген ардагердің Өзен қаласының өсіп-өркендеуіне сіңірген сүбелі еңбегі өз алдына бөлек әңгіме. Өзіне жүктелген әртүрлі жауапты жұмыстарды мінсіз атқарған Тыныштық Белшерұлы Өзен бұрғылау басқармасында білікті басшы, тәжірибелі тәлімгер болды. «ӨзенМұнайГаз» бірлестігінің кадр бөлімінде жетекшілік қызмет атқарған жылдарда да маман дайындау жұмыстарына ерекше көңіл бөлді, әсіресе жастарға кең жол ашты.

Тыныштық Базарбаев 1943 жылы дүниеге келді. 1961–1964 жылдары Кеңес әскерінде қызмет етті. «ӨзенМұнайГаз» бірлестігінің Өндірістік филиалында кадр бөлімінің бастығы, қалыптастырушы, еңбекті ұйымдастыру ғылыми лабораториясының бастығы, экономист, аға бухгалтер қызметін атқарды. 1983–1987 жылдары УУБР кәсіподақ ұйымының төрағасы, 1987–1989 жылдары Жаңаөзен қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары, 1989–1991 жылдары Маңғышлақ газ өндіру басқармасы бастығының орынбасары, 1991–1994 жылдары Жаңаөзен №4 автотранспорт кеңсесі бастығының орынбасары, 1996–1999 жылдары «ӨзенМұнайГаз» ААҚ ревизиялық комиссиясының төрағасы, 1999–2002 жылдары «ӨзенМұнайГаз» ААҚ кадр бөлімінің бастығы, 2002–2005 жылдары «ӨзенМұнайГаз»

ААҚ директорының қоғамдық байланыс жөніндегі кеңесшісі, 2010 жылдан бастап Н. Марабаев атындағы «Мұнайшы» қорының Жаңаөзен қаласындағы үйлестірушісі болды.

Ардагер мұнайшының ұзақ жылдар бойғы еңбегі елеусіз қалмады. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның «Даңқ» медалімен, «В.И. Лениннің туғанына 100 жыл», «ҰОС 20 жылдығы» медальдерімен марапатталды. Екі рет Елбасының «Алғыс хатына» ие болды. Сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ, «ӨзенМұнайГаз» АҚ, «Нұр Отан» партиясынан алған «Алғыс хаттары» мен «Құрмет» грамоталары да жеткілікті.

Тыныштық Белшерұлы Өзен бұрғылау басқармасында қызмет атқарған жылдары жұмысшылардың бәрін түстеп таныма-са да, әлдебір мәселемен алдына келгендердің бетін қайтармайтын, сұрағына жауап беріп, оңтайлы шешімін табатын. Сондай іскерлігінің арқасында Өзен бұрғылау жұмыстары басқармасы мамандар бөлімінің жұмысы әрдайым жақсы жағынан бағаланды. Ол – қандай мәселе кездессе де, ұтымды жол табатын және ойын тіке айтатын адам еді. Тыныштық Белшерұлының Жаңаөзен қаласындағы әлеуметтік саланың дамуына қосқан үлесі де қомақты. Каспий жағалауындағы Кеңдірлі

балалар демалыс жайының қазығын қағысып, жолын төсеуге, қажетті материалдарды дер кезінде тасып жеткізіп беруге және құрылыстың іркіліссіз жүруіне бұл сене араласты. Сөйтіп, халықтың алғысына бөленді. Сонымен қатар Бекет Атаның 250-жылдық Ас беру шарасында киелі орын түнеуханасын, баспалдақ жолдарын салуда зор қайрат көрсетіп, азаматтық қасиетін танытты. Темірбаба, Теңге қорымына ғимараттар салынғанда да құрылыс жұмыстарына басқарушылық жасап, ортақ іске айтарлықтай үлес қосты. Соғыс ардагерлеріне мұнай компанияларынан әртүрлі әлеуметтік көмектер алып беріп, коммуналдық шығынын толықтай төлеу, газет-журналдарға жазылу мәселелерін шешіп, алдыңғы толқын әкелеріміздің үлкен алғысын алды.

Базарбаевтар әулетінің мұнай саласындағы еңбек өтілі 750 жылдан асады. Қазіргі уақытта осы өнегелі әулетті күллі Маңғыстау жұртшылығы жақсы таниды. Бұл әулеттен тараған мұнайшылардың көбі бүгінде Жаңаөзен, Ақтау қалаларындағы мұнай мекемелерінде еңбек етеді. Олардың арасында жаңа буын жастар да аз емес. Ата жолын қуған ізбасарлары барда Тыныштық Белшерұлының елге сіңірген еңбегі, азаматтық абыройы ұмытылмасы анық.

## АБЫРОЙ БИГІНДЕГІ АРДАГЕР



Адам баласының басына қонатын бақ та, атақ-абырой мен сый-құрмет те – барлығы таза маңдай термен келеді. «Еңбегімен ер сыйлы» деген сөздің бекерге айтылмағаны осыдан-ақ байқалады. Егер ер азаматтың өмір жолы, еңбектегі табысы, бақытты тұрмысы жақсы ниеттен құралса, балаларына – мұра, халқына – өнеге болады. Міне,

сондай ғұмыры еңбекпен өрілген, тектілігін жоғалтпаған, кісілігін сақтаған, қажырлы қызметімен елге танылған ардақты азаматтардың бірі – мұнай сервисі саласының майталман маманы, абыройлы ардагер Махмұт Мағзомұлы Ғабдуллин.

Махмұт Мағзомұлының еңбек жолы бұрынғы Гурьев (қазіргі Атырау) политехникалық техникумын бітіргеннен кейін, 1982 жылы Балықшы барлау-бұрғылау басқармасында қатардағы бұрғышы көмекшісі болудан басталды. Содан 1989 жылға дейін 4-5 разрядты бұрғышы көмекшісі, 3-4 разрядты бұрғылау қондырғысының моторисі болып жұмыс істеді. Одан кейін 1989–2000 жылдар аралығында қызмет сатысымен жоғарылап, экономикалық бөлімнің инженері, жетекші экономисі, қаржыландыру бөлімінің бастығы болды. Ал 2000 жылдан 2006 жылға дейін «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервисі бұрғылау кәсіпорны Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, 2006–2008 жылдары бюджеттеу

және калькуляциялау бөлімінің бастығы қызметтерін атқарды.

Осылайша бұрғылау мекемелерінде 26 жыл бойы еңбек етті. Бойындағы күш-жігері мен адал еңбегі әрдайым алға жетеледі. Білімге деген құштарлығы мен еңбекқорлығының арқасында өндірістен қол үзбей жүріп, 1988 жылы Қазақ политехникалық институтын, 2005 жылы Атырау инженерлік-гуманитарлық институтын қаржыландыру мамандығы бойынша ойдағыдай тамамдады.

2008–2009 жылдары «DASK Drilling» ЖШС-нің жоспарлау жөніндегі экономисі болып істеді. Ал 2009–2022 жылдары «MHINDUSTRY» ЖШС-нің, 2022 жылдан бастап, зейнеткерлік демалысқа шыққанға дейін, «KAZPETRODRILLING» АҚ өндірістік-техникалық бөлімінің бас менеджері болды. Сөйтіп, құрамында көптеген еншілес компаниялары бар мұнай сервисі саласындағы ірі Холдингті дамытуға барынша үлес қосты.

Махмұт Мағзомұлы аталған қызметтерді атқару барысында мұнай-газ ұңғымала-

рын бұрғылау ісін жетік білетін аса сауатты инженер ретінде танылды, әрдайым биіктерден көрінді. «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» сервисі бұрғылау кәсіпорнында, «MHINDUSTRY» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде және «KAZPETRODRILLING» акционерлік қоғамында да өнегесі мен ақылы мол байыпты басшы екендігін дәлелдеді. Ұжымның алдына қойылған белестерді бағындыру жолында шебер ұйымдастырушы әрі іскер басшы, кейінгі жастарға үлгі тұтар аға ретінде үлкен абырой мен сый-құрметке ие болды.

Жуырда Холдинг басшылығы Махмұт Мағзомұлын зейнет демалысына шығарып салды. Салтанатты рәсім барысында «MHINDUSTRY» серіктестігінде ұзақ жылдар бойы қызмет етіп, кәсіпорындардың өнімділігін арттыруға орасан күш-қуатын жұмсаған абыройлы ардагерге ерекше құрмет көрсетіліп, арнайы «Алғыс хат» табысталды.

Еңбегіңіздің зейнетін көріңіз, құрметті демалысыңыз құтты болсын, Махмұт Мағзомұлы!

Жаңалықтар

## ТРЕНИНГ ӨТЕ ҚИЗЫҚТЫ ӨТТІ

Ернар Ешмұқан,  
«Бұрғылау» ЖШС



Ақпан айының 16–18 күндері Атырау қаласындағы «Renaissance» қонақ үйінің «Ballroom 2» мәжіліс залында «Белгісіздік кезіндегі әлеуметтік өзара әрекеттесу және коммуникация» атты әлеуметтік қызметкерлерге арналған 3 күндік тренинг өткізіл-

ді. Тоғыз мекеме өкілдері қатысқан бұл тренингті «KazPetroDrilling» АҚ ұйымдастырды.

Үш күн үш түрлі тақырыптың бағдарламасы бойынша өтті. Бірінші күні «Әлеуметтік саясат және ішкі коммуникациялар», екінші күні «Бедел және сыртқы коммуникациялар», үшінші күні «Әлеуметтік желілердегі жұмыстың негізгі принциптері» тақырыптарының аясында өрбіді. Тренингті «Eurasian Center for People Management» орталығының бас директоры, көптеген жобалардың авторы Ербол Исмаилов және журналистиканың жілігін шағып, майын ішкен нағыз майталман журналистер – Лаура Сүлейменова мен Айнұр Коскина жүргізді. Олар қатысушыларға көптеген мазмұнды бейнесюжеттер көрсетіп, ситуациялық сұрақтар қойды. Өзара кері байланыс орнату әрекеттері тренингтің қызықтылығын арттыра түсті. «Кері байланыс», «Не маңызды?», «Жалғанды анықтаңыз», «Орман тұрғындары» тақырыбында өткізілген командалық ойындар барысында қатысушылар өзара жақсы қарым-қатынас орнатып, терең танысып, бір-біріне қолдау көрсетті.



Сонымен қатар қатысушыларға стратегиялық ойлаудың, ұйымдастыру қабілетінің, ішкі және сыртқы коммуникацияның, мекеме беделінің, қарым-қатынас дағдыларының, қойылған мақсаттарға қол жеткізудің маңыздылықтары түсіндірілді.

Тренинг соңында қатысушыларға «Eurasian Center for People Management» орталығының арнайы сертификаттары табысталды.





## ҚҰРМЕТТІ ҰЖЫМДАСТАР!

Жаңа күннен бастау алған көктемнің ең ізгі, мейірімге толы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күнімен барша нәзік жандыларды құттықтаймын! Қазақ әйелі – ең алдымен ардақты ана, отбасының ұйытқысы. Ол дүниеге әкелген перзенттеріне тәлім-тәрбие беру жолында жан жылы мен мейірімін аяған емес. Бала – біздің болашағымыз. Ал аналарымыз сол жас ұрпақтың

бойына адалдық, шыншылдық, адамгершілік, имандылық пен отансүйгіштік тәрізді асыл қасиеттерді дарытатын ғазиз жандар. Отбасының ұйытқысы болуымен қатар қызмет бабында да тәжірибелі, білікті маман ретінде өздерін сан қырынан танытуда. Сол үшін біз әйелдер қауымын ерекше құрметтейміз.

Наурыз айы біздер үшін аса маңызды мерекелердің бір арнаға тоғысқан мезгілі. Солардың қатарында Аман мерекесі де бар. 14 наурыз Батыс өңірінде «Пенденің аузы аққа, мал аузы көкке тиді» деп адамның адаммен, жылдың жылмен көрісетін күні. Қазаны оттан, азаматы аттан түспеген қазақ елінің өркениеті мен тарихы Маңғыстауда әр жусанның түбінде, бетегесінің биігінде сайрап жатыр. Ендеше Түркі тілдес халықтардың ортақ жаңа жылы саналатын Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын!

Күндей күліп, шуағын шаша келген мерекемен құттықтай отырып, Сіздерге денсаулық, бақыт, істеріңізге береке, елімізге құт-мереке әкелсін деген ізгі ниетімізді білдіреміз! Еліміз аман болсын! Жылдан жылға өсіп-өркендей берейік!

**Құрметпен,  
Нұрлан Белшер,  
«МұнайФилдСервис» ЖШС Бас директоры**

### Жаңалықтар

## ЖЕТІСТІК СИНЕРГИЯСЫ



**Әсел Нұрланқызы,**  
«МұнайФилдСервис» ЖШС

Жаңаөзен қаласындағы Қоғамдық даму орталығының маманы Ерлан Қалиев «МұнайФилдСервис» ЖШС қызметкерлеріне «Жетістік синергиясы» атты біркүндік тренинг ұйымдастырды. Тренингтің басты мақсаты – серіктестік қызметкерлерінің қаржылық сауаттылық деңгейін көтеру, ұжымдық мәдениетті қалыптастыру, жұмысты адал жасауға мотивация беру, аксиология негіздерімен таныстыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Аталған тренинг негізінде 4 өзекті блоктар басты назарда болды. Олар: «Қаржылық сауаттылық», «Еңбек бақытының алгоритмдері мен ұжымдық мәдениет», «Жетістік және мотивация» және «Өмірлік құндылықтар».

Қызметкерлер тренинг барысында теориялық білімімен бірге «Marshmallow Challenge» және «IQ пазл» тренинг ойындарын ойнап, бірнеше өзекті бейнероликтерді көрді. Шара соңында «МұнайФилдСервис» ЖШС кәсіподақ ұйымының төрағасы Бағдат Худайбергенов Жаңаөзен қаласының қоғамдық даму орталығына алғыс білдірді. Тренингке 20 жұмысшы қатысты.

## ЕҢБЕГІНЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жақында мекемеде «МұнайФилдСервис» ЖШС-нің бақылаушы механигі Ангалбаев Тойлыбай Нариманұлының зейнет демалысына шығуына байланысты марапаттау шарасы өтті. Бас директорының геология жөніндегі орынбасары Мақсат Жұмабеков Тойлыбай Нариманұлының осы күнге дейін атқарған абыройлы қызметіне алғыс білдірді. Тойлыбай Нариманұлының осы мекемеде 16 жыл бойы үздіксіз қызмет атқара жүріп, бар жиған білімін кәсіпорынды дамытуға жұмсағанын алға тартты.

Әлеуметтік даму бөлім басшысы Санбиби Құлгараева ұжымдық келісім-шартқа сәйкес зейнеткерлерге ұсынылатын қызмет түрлерімен таныстыра келе, алдағы жылдары өткізілетін айтулы шараларға, мұнайшылардың кәсіби мерекесіне арналған жиындарға қонақ ретінде шақыру берілетінін тілге тиек етті.

Ардагерге Бас директорының атынан арнайы «Алғыс хат» беріліп, естелік сыйлық табысталды.



### Спорт

## СПОРТТЫ СЕРІК ЕТКЕНДЕР



Салауатты өмір салтын ұстану, спорттық шараларға белсенді қатысу соңғы кездері сәнді әрі пайдалы үрдіске айналды. Әсіресе мекеме қызметкерлерінің ұжымдық шараларға аса қызығушылықпен қатысуы қуантарлық жағдай. Мәселен, қазір «МұнайФилдСервис» ЖШС жігіттері әр жыл сайын мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне орай өткізілетін Холдингаралық спартакиадаға дайындықты күшейтуді жоспарлап отыр. Тек сөз жүзінде ғана емес, іс жүзінде де бірқатар шаралар ұйымдастырылып, нәтижесі көріне бастады.

Осыған орай айта кететін бір жаңалық, өткен жылдың аяғында волейболдан және шағын футболдан цехаралық турнир ұйымдастырылған болатын. Волейболдан алғашқы ойын Әкімшілік басқару персоналы мен Өндірістік-қамту базасы командалары арасында өтті. Сонымен қатар Ұңғымаларды күрделі жөндеу цехы, ҰКЖЦ шеберлері, Жер асты қабаттарын сұйықтықпен жару цехы, Көлік цехының құрамалары да өзара бақ сынасты. Келесі күні барлық цех командалары шағын футболдан жарысқа түсіп, ептіліктерін танытты. Осылайша бірнеше күнге созылған цехаралық жарыс барысында қызметкерлердің дайындығы, өзара командалық ойын барысында тактикалық ойлау қабілеті анықталды. Әрине, қызметкерлер арасындағы үздік ойыншылар да бірден көзге түсті.

Осы цехаралық жарыстан кейінгі келесі деңгей – Жаңаөзен қаласындағы өзге мекемелердің құрама командалары арасында ұйымдастырылған «Qyzmet» лигасы болды. Жаңаөзен қалалық футбол федерациясының ұйымдастыруымен өткен лигада «МұнайФилдСервис» ЖШС қызметкерлерінен құралған команда өзге компания құрамаларымен бірдей деңгейде ойнап бақ сынады. Нәтижесінде ерек-

ше тәртіпті ойыны үшін «Fair play» номинациясымен марапатталды. Аталған іс-шара қызметкерлерімізге тәжірибе алмасуға, басқа компаниялармен жарыса отырып, қабілеттерін шыңдауға септігін тигізді.

Осы бағыттағы спорттық шаралардың барлығы ұжым арасындағы позитивті көзқарасты күшейтіп, әрбір маманның жеке тұлға ретінде дамуына, денсаулығына және рухының мықты болуына оң ықпалын тигізеді деген ойдамыз.







## АЯУЛЫ АРУЛАР, ҚАДІРМЕНДІ ХАНЫМДАР!

мен шуақ ұялатып, жанұяның берекесін кіргізіп отырсыздар. Тұла бойына ақыл мен төзім, іскерлік дарыған абзал жандар ретінде біз Сіздерді ерекше жоғары бағалаймыз! Осынау шуағын шапқан көктем мерекесімен құттықтай отырып, Сіздерге және отбасыларыңызға денсаулық, бақ-береке тілейміз!

### ҚҰРМЕТТІ АРДАГЕРЛЕР, ҰЖЫМДАС ӘРІПТЕСТЕР!

Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мейрамы баршаңызға құтты болсын! Бұл күн – бүкіл халқымызға ортақ достық пен ынтымақтың мерекесі, салауатты өмірдің салтанаты, дәстүрлі құндылықтар аясында бірігудің, игілікті жаңа бастауларға ниет білдірудің нышаны.

Наурыз айында ойға алған барлық арман-мұраттарыңыз орындалып, үміттеріңіз ақталсын! Ұлыс күнінің алғашқы нұры әрбір шаңыраққа бақ-береке, өзара түсіністік пен болашаққа деген сенімділік әкелсін! Баршаңыздың дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға шаттық, отбасыларыңызға амандық, ырыс пен ынтымақ тілейміз!



Ізгі тілекпен,  
Эльдар Байболов,  
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС Бас директоры

Командалық жұмыс

## «ЖІГЕР ҮЗДІКТЕРІНІҢ» ҚАТАРЫ ТОЛЫҒУДА

Гауһар Орынбасарова,  
«ЖігерМұнайСервис» ЖШС

«ЖігерМұнайСервис» компаниясында қалыптасқан дәстүрге сәйкес қаңтар айында өткізілген кезекті кездесу барысында, кәсіпорын басшылығы ұжым өкілдерін 2022 жылғы жұмыс нәтижелерімен таныстырды және 2023 жылға белгіленген мақсаттар жайлы мәлімдеді. Егер компанияның 2021–2023 жылдарға арналған даму стратегиясын еске түсіретін болсақ, ондағы басты бағыттарымыздың бірі еліміздегі импортқа тәуелді салаларға арналған өнімді шешімдерді дайындау және енгізу екендігін көреміз. Бұл әсіресе тау-кен корпорацияларына арналған бұрғылау құрал-жабдықтарына байланысты шешімдер болмақ. Компанияның осы бағытта біртіндеп дамып келе жатқандығы таныстыру барысында анық байқалып тұрды. Егер 2022 жылдың жоспарында тау-кен өнеркәсібіне арналған бұрғы тістерін дайындау және оларды тәжірибелік-өндірістік сынақтардан өткізуге айырықша мән берілген болса, 2023 жылдың жоспарында импорт ретінде әкелінетін қосалқы бөлшектерді отандық өнімдермен алмастыру мақсаты алға қойылды. Бұл жердегі әңгіме осы күнге дейін Африка елдерінен әкелініп жатқан «ұсақтағыштың сухары», «тартқыш жұлдызша», «қырнауыш», «траверс төлкесі» тәрізді және басқа да аса қажетті бөлшектер туралы болып отыр. Осындай қажеттіліктерді анықтау және соларды жергілікті өндіріс тауарларымен қамтамасыз етуді мақсат тұтқан компания басшылығы аталған саладағы «ҚазХром» АҚ, «КАТКО» БК секілді ірі компанияларға қарасты өндіріс нысандарына барып қайтты.

Сонымен қатар басым бөлігі өндірістік цехтарды материалдық-техникалық жабдықтаумен байланысты проблемалар да назардан тыс қалған жоқ. Холдинг басшылығымен арадағы келісім бойынша үстіміздегі жылы бірқатар станоктарды жаңарту, жөндеу және толықтырып жабдықтау жұмыстары жоспарланды.

Осы орайда әлемдегі геосаяси жағдайдың қосалқы бөлшектер мен басқа да жабдықтарды жеткізу ісіне кері әсер еткенін айта кетуіміз керек. Соның салдарынан құрал-жабдықтардың жиі-жиі істен шығуы және жобалардың мерзімінде орындалмауы тәрізді келеңсіздіктер орын алды. Оған қоса компаниядағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды жетілдіру шаралары да күн тәртібінде тұр.

Осы айтылғандармен қатар кездесуде «Жігер Үздігі» номинациясы бойынша жеңімпаз деп танылған қызметкерлердің аты-жөндері жарияланды. 2022 жылдың IV тоқсанында Бағытты бұрғылау цехының бұрғылау инженері Азамат Маратұлы Мажитов компаниядағы үздік маман атанды.

Азамат Маратұлы аталмыш цех құрылғаннан бері сол бөлімнің дамуына тікелей үлес қосып келеді. Бағытты және көлденең ұңғымаларды бұрғылауда жоғары кәсіби шеберлігін көрсете білген инженер жігіт бұрғылау процесін жетілдірді және сол арқылы ұңғымаларды салу уақытын қысқартуға ықпал етті. Жалпы алғанда, ол көптеген маңызды жобаларда өзінің кәсіби қасиеттерін көрсете алады және пайдалана біледі. Мысалы, «ЕмбіМұнайГаз» жобаларындағы көлденең ұңғымаларда жинақтау жылдамдығы жоғары болғандықтан профильді дұрыс есептемеу, қате болжау секілді олқылықтар ұңғыманың жоғалуы тәрізді жағымсыз жайттарға және қосымша қаржылық шығындарға әкеліп соғар еді. Ал Азамат Маратұлы тәрізді білікті мамандар ондай олқылықтарға жол бермейді. Міне, осындай маңызды жобалардың арқасында мекемемізге қомақты қаржылай пайда келтіретін көшбасшы деп Азаматты айтуымызға болады.

2022 жылдың соңында «Жігер Үздігі» атанған келесі әріптесіміз – Механикалық жөндеу цехының шебері Бектурлин Жәнібек Орысбайұлы. Жәнібек кен өндіру өнеркәсібінің жаңа бағытын дамытуға алғашқы қадамынан бастап белсене араласты. Оның жобаға қосқан



жеке үлесінің бір мысалы – сол кездегі әлеуетті тапсырыс беруші «Downhole Mining Solutions» ЖШС үшін «Комаровское» кен орнындағы жаңа бұрғылау қашауларының алғашқы сынақтардан кейін анықталған кемшіліктерін жою бойынша жүргізілген жұмыстар нәтижесі болды. Сонымен қоса ол сапа сипаттамаларын жақсарту идеяларын да әзірлеген болатын. Міне, осындай ізденістер нәтижесінде біздің компаниямыз өзінің жаңа саладағы жетістігін бекітті.

Әлбетте, сөздің орайы келгенде «Жігер Үздігі» атанған өзге де әріптестерімізді айта кеткеніміз жөн. Олар – Есеп беру және есептеу бөлімінің жетекші есепшісі Гауһар Амангелдіқызы Бисенғалиева, Механикалық жөндеу цехының 6-шы разрядты токарі Әлихан Өтегенұлы Қалиев, Дәнекерлеу цехының сырлаушысы Дмитрий Юрьевич Максин және Қаржылық бақылау бөлімінің тиімділік менеджері Нұртас Нәсіпқалиұлы Себепқалиев. Аталған әріптестеріміздің барлығына алдағы уақытта да жемісті еңбек, үлкен жетістіктер тілейміз!



## БАҚЫТТЫ ӘЛЕМ, БАҚЫТТЫ АНА БАРДА!

Сый еткен барша әлемге шуақ күнін,  
Сақтаған барша әлемнің жылылығын.  
Көктемнің шуағындай бөлеп жүрген,  
Аналармен бақытты әлем бүгін!

Бақытты әлем, бақытты ана барда!  
Бақыт кілті өйткені аналарда!  
Бұл өмірді аналар тербетіп тұр,  
Қартаймайды ешбір жан ана барда!

Құттықтаймын мен бүгін барша ананы,  
Қызғалдақтай құлпырған барша жанды!  
Мерейленген мереке құтты болып,  
Бақытты өмір тербесін барша ананы!

## ӘЗ НАУРЫЗ КӨКТЕМ КӨҢІЛДІ КӨККЕ ӨРЛЕТКЕН

Жаңарды жылым, құлпырып дала түрленді,  
Жақсылық күткен жаңа-жыл келіп төрге енді.  
Түзеліп ниет, кеңейіп пейіл жарылқап,  
Ұлыстың ұлы мерейлі күнге бөленді.

Артылар үміт жаңарған жылға қашанда,  
Қаламас ешкім алдағы күнін жаманға.  
Арайлап таңдар, қолайлы болып күндерде,  
Тыныштық болсын тұрақтап мәңгі ғаламда!

Әз Наурыз көктем көңілді көкке өрлеткен,  
Кешірет әркім көңілді кеше кірлеткен.  
Төріміз жанға, қорамыз малға толығып,  
Асқақтап арман, нұрлансын асыл тілекпен!

Ernar Eshmuqan





## Ардақты ханымдар! Аяулы қарындастар!

Сіздерді ару көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Гүлдей құлпырып, әсемдіктің, әдеміліктің, әдептіліктің символындай болып, баянды ғұмыр кешулеріңізге тілектеспін! Жарқын өмір әрдайым жақсы көңіл күй сыйласын, бақытты болыңыздар!

### Құрметті әріптестер!

Ежелден жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы атанған Әз Наурыз мейрамы құтты болсын! Жаңа күннің жарқын лебі жандарыңызға шуақ болып құйылсын, арман-мақсаттарыңыз орындалсын! Ел игілігін арттыру жолындағы еселі еңбектеріңіз толағай табыстар әкелсін! Аспанымыз ашық, туған жеріміз аман болсын, арайлап атқан әрбір таң шат көңіл, бақ-береке сыйласын!

Құрметпен,  
Болат Архаров,  
«Каскор-Машзавод» ЖШС Бас директоры

## Өндіріс тынысы

# ҰЙЫМШЫЛ ҰЖЫМНЫҢ ЖЕТІСТІГІ ЖОҒАРЫ



**Орынбасар Қонысбаев,**  
«Каскор-Машзавод» ЖШС

Мұнай-газ саласының құрал-жабдықтарын шығаратын «Каскор-Машзавод» серіктестігі – Маңғыстау өңіріндегі үздік кәсіпорындардың бірі. 30 жылдық тарихы бар зауыттың өнімдеріне деген сұраныс жоғары. Себебі ол – отандық және шетелдік ірі компаниялармен тығыз байланыстар орнату арқылы өзін осы нарықтағы сенімді серіктес ретінде таныта білген кәсіпорын.

«Каскор-Машзавод» кәсіпорны өндіретін негізгі өнімдердің бірі – сорғы-компрессорлық құбырлар. Мұнай өнеркәсібінде мұндай құбырларға деген сұраныстың жоғары екендігі мәлім. Соған қарай зауыт басшылығы да сорғы-

компрессорлық құбырлардың сапасына және тапсырыстардың уақтылы орындалуына айырықша маңыз береді. Сондай жоғары талаптың арқасында 2022 жылы бұл бағыттағы өндіріс көлемі 29380 тоннаға жетті.

Кәсіпорын 4 ауысыммен жұмыс жасайды. Барынша жақсы көрсеткіштерге жету мақсатында, әр жыл сайын ауысымдар арасында мотивациялық жарыс өткізіліп отырады. Мысалы, өткен жылдың қорытындысы бойынша 1-інші ауысым жігіттері өзге бригадалардан басым түсіп, 8015 тонна көлемінде өнім шығарды.

– Менің бұл компанияда жұмыс істегеніме 6 жыл болды. Ал жалпы «KazPetroDrilling» Холдингінің жүйесінде еңбек етіп жүргеніме 10 жылдан асты, – дейді аталған ауысым шебері Ерлан Қошанов. – Біздің 1-інші ауысымда 25 адам жұмыс істейді. Жігіттердің бәрі де өз ісін жетік меңгерген тәжірибелі әрі жауапкершілігі жоғары азаматтар. Ұжымымыз өте ұйымшыл, ауызбірлігі мықты. Сол ұйымшылдықтың арқасында осындай нәтижеге жетіп отырмыз.



Өндіріс алаңындағы басты талаптардың бірі – тәртіп, яғни техникалық қауіпсіздік шараларының қатаң сақталуы. Біздің ауысым осы талаптарды мүлтіксіз орындайды. Сонымен қатар тапсырысқа сәйкес өнімнің саны мен сапасына да ерекше мән береміз. Мен өзімнің ұжымыма ризамын.

## Өнер

# ӨНЕРІҢ ӨРЛЕЙ БЕРСІҢ, АРУЖАН!



**Орынбек Орынбасаров,**  
«ТрубРемЦентр» ЖШС

«Өнерлі – өрге жүзер» деген. Өнердің қандай түрі болмасын, бойында туа біткен дарыны бар бала, егер талмай талаптанып іздене білсе, болашақта үлкен жетістіктерге жетері анық. Әлбетте ол үшін ата-ананың қолдауы қажет. Міне, сондай қолдаудың арқасында көңіл қуантарлықтай жетістіктерге жеткен өнерлі жеткіншектер біздің ұжым өкілдерінің отбасыларында да бар. Солардың бірі – «ТрубРемЦентр» серіктестігінің электр-газбен дәнекерлеушісі Ералы Тенелбайұлы Кабаковтың қызы Аружан Тенелбай.

Аружан Жаңаөзен қаласында дүниеге келген, қазір тоғыз жаста. Ол – Кабаковтар отбасындағы үш баланың үлкені, екі ұлдың әпкесі, Жаңаөзен қаласындағы Төлесін Әлиев атындағы №1-ші мектепте 4 г сыныбының оқушысы. Сынып жетекшісі Ташенова Ақтоты апайынан тәлім-тәрбие алып жүрген Аружан сабағын өте жақсы оқиды.

– Би өнерін кішкентай кезімнен жақсы көрем. Анашым мені 7 жасымнан бастап «Айназ» би ансамбліне апарды. Бидің әліппесін маған Гүлбақыт Тұрсынбайқызы Құлшыкова апай үйретті. Жетекші апайымды ерекше сыйлаймын. Мен кейін есейген кезде де биші

болғым келеді. Мені осылай демеп, қолдау көрсетіп отырған ата-анам рақмет! – дейді Аружан Ералықызы.

Би мектебінің табалдырығын аттаған кезден бастап Аружан өзі сүйетін өнерді жақсылап меңгеруге бар ынтасын салды. Сол еңбегінің арқасында ол небәрі екі жылдың ішінде көптеген жарыстарға қатысып, солардың барлығынан дерлік жүлдемен оралды. Егер солардың басты-бастыларын атап өтер болсақ, олар мыналар:

2021 жылы Ақтау қаласында өткен «Дарабоз» шығармашылық байқауынан 2-ші орын;

2021 жылы Ақтау қаласында ұйымдастырылған республикалық «Маңғыстау таланттары» шығармашылық байқауынан 2-ші орын;

2021 жылы Ақтау қаласында ұйымдастырылған «Creative fest» фестивалінде Гран-при жүлдесі;

2021 жылы Алматы қаласында өткен «Jas daryn» байқауынан Гран-при жүлдесі;

2022 жылы Ақтау қаласында ұйымдастырылған республикалық «Ана туралы жыр» байқауынан 1-ші орын;

2022 жылы Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылған «Бала шабыты» байқауында «Көңілді ковбойлар» биімен 1-ші орын және «Ерке қыздар» биімен 2-ші орын;

2022 жылы Атырау қаласында өткізілген «Creative fest» фестивалінде Гран-при жүлдесі.

Би өнерін өмірлік таңдауына айналдырғысы келетін талантты қызымызға жарқын болашақ және биік белестер тілейміз! Өнерің өрлей берсін, Аружан!





**ҚЫМБАТТЫ ХАНЫМДАР МЕН ҚЫЗДАР!**

Сіздерге айтылатын алғыс сөздер мен жылы тілектер еш уақытта толастамасын! Көктемнің басында келетін мерекелеріңіз Сіздерге тамаша көңіл күй сыйласын! Жер дүниенің жаңаруын, оның сәні мен мәнін паш ететін көктем мерекесіне орай Сіздерге және отбасыларыңызға жақсы денсаулық, молшылық, бақ-береке, болашаққа деген зор сенім тілеймін! Жеке өмірде және еңбекте сәттілік серік болсын, ер азаматтардың сыйластығы мен құрметіне бөлене беріңіздер! Жүздеріңізден күлкі кетпесін, мерекелеріңіз құтты болсын!

**ҚҰРМЕТТІ ҰЖЫМДАСТАР!**

Баршаңызды Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Іргесі сөгілмес бірліктің береке-сі, ырысы төгілмес тірліктің мерекесі, жақсылықтың жаршысы, жаңа жылдың бастауы болған Ұлыс мейрамы туған жер топырағына құт-береке әкелсін! Еліміз тыныш, халқымыз аман, молшылық заман болып, әрбір жаңа күн шаңырағымызға шат көңіл, бақ-береке сыйласын!  
Ұлыс – оң, ақ – мол болсын!

**Құрметпен,  
Мұстахим Беркалиев,  
«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС Бас директоры**



Өндіріс тынысы

**«ҚАЗТЕХМҰНАЙСЕРВИС»: ҚОНДЫРҒЫЛАРДЫ ЖАҢАРТУ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ЖАБДЫҚТАРҒА КӨШУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСТЫ НАЗАРДА**

**Жібек Айдарбекова,**  
«ҚазТехМұнайСервис» ЖШС

Ұңғымаларды күрделі жөндеу саласындағы тарихы сонау 1953 жылдан басталатын байырғы кәсіпорынның бүгінгі өндірістік деңгейі, бағыт-бағдары қандай? 2022 жылды қандай нәтижелермен аяқтады? Алдағы жоспарлары жөнінде не айтуға болады? Осы сұрақтардың жауабын біз компаниядағы бөлім басшыларының өздеріне айттыруды жөн көрдік.



**Әнуар Рыспаев, «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС Техникалық бөлімінің бастығы:**

– 2022 жылдың қорытындысы бойынша кәсіпорындағы өндірістік нәтиже жақсы болды, тұрақты өсімге қол жеткіздік. Тапсырыс беруші «ЕмбіМұнайГаз» АҚ-мен арадағы келісімдерге сәйкес 175 ұңғыманы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, сонымен қатар учаскеге қарасты басқа да іс-шаралар толығымен орындалды.

Жыл аяқталар кезде үздіктерді анықтадық. Оның нәтижесі мынадай болды:

Үздік цех – ҰКЖ Прорва учаскесі;  
Үздік бригада – ҰКЖ №12 бригадасы;  
Үздік бұрғышы – ҰКЖ №12 бригадасының бұрғышы Танқаев Отар;  
Үздік цех – ҰКЖ Мартыши учаскесі;  
Үздік бригада – ҰКЖ №1 бригадасы;  
Үздік бұрғышы – ҰКЖ №1 бригадасының бұрғышысы Тілеуов Өтежан.  
Ал биылға келісім жасалған басты тапсырыс беру-

шілердің қатарында «ЕмбіМұнайГаз» АҚ, «IC Petroleum» ЖШС, «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау ЖШС», «ҚазақТүрік-Мұнай» ЖШС, Total E&P Dunga GmbH компаниялары бар. Сонымен қатар болашақта компания тиімділікті арттыруға мүмкіндік беретін жобаларға барынша көңіл бөлмек. Атап айтқанда, қондырғыларды жаңарту және заманауи жабдықтарға көшу мәселелері басты назарда болады.



**Рашид Агуанов, «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС Әлеуметтік даму бөлімінің бастығы:**

– «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі вахтадағы еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын жетілдіру, жатын және демалыс орындарын жақсарту, тамақ сапасына мониторинг жүргізу және арттыру шараларын әр жыл сайын жүргізеді. Мәдени-көпшілік және спорттық іс-шаралар да жүйелі түрде өткізіліп отырады.

2023 жылдың басында TOTAL компаниясының жобасы бойынша Дунга кен орнындағы жұмыстарды бастар кезде, Тапсырыс берушінің талабына сәйкес жұмысшылар қалашығы жасалып, пайдалануға берілді. Тапсырыс беруші компания жұмысты бастамас бұрын жұмысшылар қалашығының жабдықталуын тексеріп көреді. Тексеру барысында олқылықтар анықталып жатса, орындаушы компания оларды қолма-қол жөнге келтіреді.

Біздің Прорва кен орнындағы вахталық қалашығымыз «ЕмбіМұнайГаз» АҚ-ға қарасты газ зауытына жақын орналасқан. Ол жердегі экологиялық жағдай онша жақсы емес. Сондықтан вахталық қалашықты

биыл Прорва кен орнынан Х.Досмағамбетов кен орнына көшіруді жоспарлап отырмыз.



**Нұрлан Жансариев, «ҚазТехМұнайСервис» ЖШС Қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және экология бөлімінің бастығы:**

– «ҚазТехМұнайСервис» серіктестігі өнеркәсіптік қауіпсіздік саласының мамандары мен қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау бойынша аттестат алған. Бізде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша оқыту-үйрету курстарын өткізетін инструктор жұмыс істейді. Оқыту шаралары тікелей өндірістік учаскелердің өзінде өткізіледі. Яғни қызметкерлер өндірістен қол үзбей жүріп кәсіби біліктілігін арттырады, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт-техникалық минимум, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, күкірттісутегі қауіпсіздігі, алғашқы жәрдем көрсету тәрізді курстардан өтеді. Сонымен бірге өрт сөндіргіш құралдарды қолдану, дәрігер келгенге дейін алғашқы көмек көрсету дағдыларын іс жүзінде үйренеді.

Өндіріс учаскелерінде ЕҚЖТҚ жөніндегі далалық инженерлер бақылау жасайды. Жұмысшылардың еңбек вахтасы ауысым алдындағы медициналық тексеруден басталады. Компаниядағы ЕҚЖТҚ бөлімінің қызметкерлері әр күн сайын БКЖ бригадаларын аралап, тікелей жұмыс орындарында нұсқама беру және байқалған кемшіліктерді жою шараларын жүргізеді. Оған қоса біздегі жұмыс кестесіне сәйкес әр бригадада «Өрт», «ГМСШ», «Оқиға, қайғылы жағдай» тақырыптары бойынша оқыту-жаттығу шаралары өткізіледі.

Спорт

**БІЗ ДИЛШАТҚА СЕНЕМІЗ**

**Орынбек Орынбасаров,**  
«ТрубРемЦентр» ЖШС

Адам жеке тұлға ретінде өзін-өзі тұрақты жетілдіріп, алға ұмтылып отыруы қажет. Бұл ретте қай салада еңбек етсең де, кейіннен өзің ұялмайтындай, үлгі боларлықтай іс қалдырғаның жөн. Қазақта жиі айтыла-

тын «наныңды адал тауып жеу» қағидасының өзі осыған саяды. Абырой болғанда, бүгінде біздің арамизда аға ұрпақ өкілдері берік ұстанған осы қағидамен өмір сүретін жастар да аз емес. Солардың бірі – «ТрубРемЦентр» серіктестігіндегі Материалдық-техникалық жабдықтау және логистика бөлімінің инженері Жұмбаева Аяла.

Аяла жас та болса ұжымға өзінің жауапкершілігімен танылған маман, жуырда ғана отбасын құрған сүйікті жар. Ал оның жолдасы Дилшат Мұсабекұлы Нұрым – 23 жасар кәсіпқой боксшы, Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген спорт шебері. Бүгінгі біздің шағын мақаламыз осы боксшы жігітке арналады.

Дилшат Мұсабекұлы 2009 жылдан бастап танымал жаттықтырушы Қайрат Ержанов басқаратын бокс үйірмесіне барды. Тәжірибелі бапкердің тәлімін санасына сіңіре жүріп, ерінбей еңбектенді. Соның арқасында ауыз толтырып айтарлықтай тамаша жетістіктерге жетті. Қазақстан чемпионатының жеңімпазы болды, Қазақстан Республикасының кубогін жеңіп алды, Маңғыстау облысы бойыншы кәсіпқой бокстан алғашқы

белбеу иегері атанды. Сонымен қатар Қазақстан құрамасымен бірге жаттыға жүріп, Украина, Польша, Ресей, Иран, Әзірбайжан, Болгария тәрізді бірқатар шет мемлекеттерге барып, халықаралық жарыстарға қатысып, жеңімпаз атанды. 2017 жылы Қазақстан Республикасының еңбегі сіңген спорт шебері атағына ие болды.

Дилшат қазір нағыз бабындағы боксшы. Оның кәсіпқой бокстағы жеке рекордтары да тамаша – 6 жекпе-жектің алтауында да таза жеңіске жетті, үшеуінде нокаутпен жеңді. Қазіргі таңда ол Ташкент қаласында Азия елдері арасында өтіп жатқан кәсіпқой бокс біріншілігінің финалына жетті. Ақтық жекпе-жек 2023 жылдың ақпан айында өтеді.

«Арыстандай айбатты,  
Жолбарыстай қайратты,  
Қырандай күшті қанатты,  
Мен жастарға сенемін!» – деп арынды ақын Мағжан Жұмбаев айтқандай, жас та болса талай биіктерді бағындырған Дилшатқа біз де сенеміз. Тек қана алға, жас қыран!





## АРДАҚТЫ АРУЛАР! ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі – Халықаралық әйелдер күнімен және Ұлыстың ұлы мейрамы – Әз Наурызбен шын жүректен құттықтаймын!

Қазіргі қоғамда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, мемлекеттің өміріне, саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Қымбатты ханымдар, Сіздерге айтылатын ақ тілектер мен жылы сөздер еш уақытта толастамасын! Көгілдір көктеммен бірге келетін мерекелік көңіл күй Сіздердің сергектіктеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын! Сіздерге және отбасыларыңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілеймін!

Құрметті ұжымдастар, Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз мейрамы баршамызға құтты әрі берекелі болсын! Тамырын тереңнен тартқан Наурыз дәстүрі біздің дана халқымыз үшін еңсесі биік елдіктің, іргесі сәгілмес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың белгісі саналады.

Бұл – өткенді саралап, болашағымызды болжайтын ерекше кезең.

Сондықтан өткенге ақ ниетпен салауат айтып, жаңа күнді ақ тілекпен қарсы алайық! Отанымызға – береке, халқымызға – игілік, мемлекетімізге – молшылық, әр шаңыраққа бақыт пен шаттық тілейміз! Еліміз өркен жайсын, ынтымағымыз нығайсын, табысымыз молайсын!

**Ізгі тілекпен,  
Бақытжан Қадыров,  
«Мұнай көлік» ЖШС Бас директоры**

### Өндіріс тынысы

# «МҰНАЙ КӨЛІК»: ЖӨНДЕУ-МЕХАНИКАЛЫҚ ЦЕХЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗДЫ

**Аружан Досжанова,  
«Мұнай көлік» ЖШС**



*Бұл өмірде тозбайтын нәрсе болмайтыны белгілі. Тіпті ең қатты деген темір де тозады. Сол сияқты өндірістегі технологиялық жабдықтар да уақыт өткен сайын физикалық және моральдік тұрғыдан тозады, ескіреді және үнемі жөндеуді қажет ете бастайды. Жөндеу жұмыстары уақтылы жүргізілмесе, кәсіпорындағы еңбек өнімділігі төмендейді. Міне, осы жағынан алғанда, «Мұнай көлік» серіктестігіндегі Жөндеу-механикалық*

*цехына жүктелетін міндеттің салмағы ауыр. Аталмыш цех арнайы техниканың үздіксіз жұмысын қамтамасыз етеді, уақытында жөндеу жұмыстарын жүргізеді және көлік құралдарының дұрыс пайдаланылуын бақылайды.*

Біз осы цехтың механигі Дайрабек Айтыбайұлы Мұқановпен әңгімелесу барысында бүгінгі таңда атқарылып жатқан жұмыстар барысымен егжей-тегжейлі танысып, көптеген мәліметтер алдық.

– Мен бұл цехқа 2022 жылдың мамыр айында ауысқан едім. Содан бері аға механик Бақберген Жақсығалиұлымен және «Теназ Managemet» ЖШС мамандарымен бірлесе жұмыс істеп жатырмыз.

Жұмыс барысында бірінші кезекте қауіпсіздік мәселесіне айырықша мән береміз. Жөндеу жұмыстарын бастар алдында автоэлектрик, автослесарь, дәнекерлеуші, моторист тәрізді білікті мамандарды медициналық тексеруден өткіземіз. Сонымен қатар цех мамандары әр күн сайын арнайы нұсқамадан өтеді.

– Былайша айтқанда, денсаулық және қауіпсіздік талаптары әрдайым қатаң қадағаланады дейсіз ғой?

– Иә, дәл солай. Өйткені кез келген өндірісте бұлжымас басты қағида – бұл адамның денсаулығы екендігі мәлім. Жүк көліктері мен арнайы техникаларға техникалық қызмет көрсету, оларды диагностикалау және күрделі жөндеу жұмыстарының барлығы осы талаптарға сай жүргізілуі тиіс.

– Қазіргі таңда қандай көліктерге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр?

– Егер жеке-жеке атап айтар болсақ, қазір айырлы жүк тиегіш, цементтеу агрегаты ЦА-320, автокран, АЦН техникасы және манипулятор секілді автокөліктерге жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Мәселен, цементтеу агрегаты 320 автокөлігінің жүріс тетігі жөндеуден өткізілді. Артқы торынан май ағатындықтан май тығыздағышын ауыстырдық, сондай-ақ электр жабдығын диагностикадан өткіздік және жетекті старттерін алмастырдық.

Мұндай тексерулер ақауды ерте анықтауға және алдын алу шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

– Әдетте техникалық жөндеу жұмыстарын ағымдағы және күрделі деп бөлетінін білеміз. Осылардың бір-бірінен қандай айырмашылығы бар?

– Ағымдағы жөндеу жұмыстары барысында машинаның өнімділігі жекелеген тораптарды толығымен ауыстыру немесе жөндеу арқылы қалпына келтіріледі. Яғни әлдебір ақау пайда болған немесе тозған бөлшектер, егер ол жөндеуге келетін болса, жөнделеді немесе толығымен ауыстырылады.

Ағымдағы жөндеу жұмыстарының қажет немесе қажет еместігін әдетте оператор анықтайды. Оған қоса мұндай жұмыстар көбінесе сол техниканы пайдаланатын орында жүргізіледі.

Ал күрделі жөндеу жұмыстары барысында жөнделуге тиісті көліктің кемінде 80%-ы техникалық тұрғыдан қалпына келтірілуі керек. Яғни ол кешенді жөндеуден өткізілуі тиіс. Күрделі жөндеу кезінде атқарылатын негізгі жұмыстар мыналар:

- жабдықты бөлшектер мен тораптарға толығымен бөлшектеу;
- жабдықтың рамалық құрылымында жарықтар мен тозған тұстары бар-жоғын тексеру;
- бөліктер мен тораптарды толығымен бөлшектеу;
- негізгі және корпусық агрегаттарды жөндеу және қалпына келтіру, кейбір жағдайларда жаңасына ауыстыру;
- құрамдас бөліктер мен түйіндердің ақауларын жою;
- бөлшектер мен тораптарды құрастыру;
- слесарлық және токарлық жұмыстар.

Арнайы техниканы күрделі жөндеу жұмыстарының мерзімі 3 айдан 6 айға дейін созылуы мүмкін. Оның ұзақтығы жұмыс көлеміне және қосалқы бөлшектерді жеткізу мерзіміне де байланысты болады.

– Техникалық қызмет көрсету талаптары қалай айқындалады?

– Көлік мекемесі болған соң біз ең алдымен техникалардың ақаусыз жөнделіп шығуына көңіл бөлеміз. Кез келген транспорт жұмыс уақытына және арнайы жабдықты пайдалану шарттарына байланысты күтімді қажет етеді. Соған қарай жоспарлы тексеру, күнделікті техникалық қызмет көрсету және маусымдық техникалық қызмет көрсету шараларын атқарамыз.

Әрбір қызмет түрінің өзіндік жұмыс көлемі болады. Егер рет-ретімен айтар болсақ:

- тексеру;
- диагностикалық өлшемдер жасау;



- нақты мәліметтерді нормативтік деректермен салыстыру;
- техникалық сұйықтықтарды ауыстыру;
- жоспарлы қосалқы бөлшектер мен шығын материалдарын ауыстыру.

Мысалы, тексеру кезінде жүк тиеуші көліктің машинисі гидравликалық жүйенің резеңке түтіктерінде жарықтар бар екенін байқады делік. Әрине, бұл жағдай гидравликаның жұмысына әсер етпейді, бірақ түтіктерді ауыстыру қажет болады.

– Ал егер кен орнында жүрген техника бұзылса ше? Ондай жағдайда қалпына келтіру жұмыстарын қалай атқарасыздар?

– Кен орнында жүрген арнайы техника бұзылған жағдайда алдымен оның несібін жасау керек, қалай жөндеуге болады деген сұрақтарды анықтап аламыз. Егер ол сол жерде жөнделетін болса, уақытты өткізбей тез арада қосалқы бөлшектерді жібереміз. Ал егер күрделі жөндеуді талап етсе, ПАММ техникасының жүргізушісі Сүлеймен әріптесіміз оны тіркеп алады да, сүйретіп отырып жөндеу цехына алып келеді. Содан соң техниканы осы жерде жөндейміз.

– Өзіңіз айтып отырғандай, жөндеу және алмастыру жұмыстары тоқтаусыз жалғасу үшін ең алдымен қаржы керек екендігі белгілі. Компанияда бұл мәселе қалай шешіліп жатыр?

– Жөндеу және алмастыру жұмыстарын тез атқару үшін бізге Тауар-материалдық қорларды, күрделі салымдарды сатып алу бөлімі көмек беріп жатыр. Себебі жөндеу жұмыстарының бәріне қосалқы бөлшектер қажет. Ал қосалқы бөлшектерді біз сырттан сатып аламыз. Сырттан әкелінетін тауарлармен жұмыс істеу осы аталған бөлімнің міндеті.

Тағы айта кететін мәселе – бізге қажетті қосалқы бөлшектер Атырау қаласында, жалпы Қазақстанда тапшы болғандықтан, көбінесе шетелден – Ресей, Украина елдерінен іздеп, жеткізуге тырысып жатырмыз.

– Уақыт бөліп сұхбат бергеніңіз үшін рақмет!

### Жаңалықтар



## ҮШ АРДАГЕР ЗЕЙНЕТ ДЕМАЛЫСЫНА ШЫҚТЫ

Жуырда «Мұнай көлік» мекемесі үш қызметкерін зейнет демалысына шығарып салды. Абыройлы зейнет жасына жеткен әріптестеріміз – Исмагулов Талғат Гинаятұлы, Алимбаев Орақ Сонабайұлы, Қабденов Қайратқали Сатанұлы 2017 жылдан бері кәсіпорында автокран машинисі және цементтеу агрегатының моторисі болып еңбек еткен ардагерлер. Алғашқы еңбек жолын 1977–1978 жылдары бастаған тәжірибелі мамандар кейінгі алты

жылда «Мұнай көлік» мекемесінде жұмыс істей жүріп, адал еңбектерінің арқасында ұжымның сый-құрметіне бөленген жандар.

Зейнеткерлерді шығарып салуға арналған салтанатты рәсім барысында ардагер ағаларымыз Бақытжан Жағыпарұлы Қадыров бастаған ұжымға алғыстарын білдірді.

– Үлкенді үлкен, кішіні кіші деп құрметтей білетін ұжым өкілдеріне айтар алғысымыз шексіз! Ауызбірлік пен

өзара татулықты ту еткен кәсіпорын ұжымына сәттілік тілейміз! Біз алдағы уақытта «Мұнай көліктің» үлкен белестерді бағындыратынына сөзсіз сенеміз! – деді ардагерлер шынайы ниетпен.

Мекеме басшылары оларға жылы лебіздерін білдіре келе, қажырлы еңбектері үшін алғыс айтып, «Алғыс хат» пен «Смарт» теледидарын табыстады, сый-сияпат көрсетті.



## ӘРІПТЕСІМІЗ МЕРЕКЕЛІК МЕДАЛЬМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

**Аружан Досжанова,**  
«Мұнай көлік» ЖШС

Жуырда Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі әріптесіміз Таңатаров Жолдасқали Тәжікұлын мұнай-газ саласындағы көп жылдық еңбегі үшін «Қазақстан мұнайының 120 жылдығы» мерекелік медальмен марапаттады.

Жолдасқали Тәжікұлы 1962 жылы мұнайлы өлке – Атырау облысындағы Құлсары қаласында дүниеге келген. Үлгілі отбасының тірегі – үш қыз, екі ұлды тәрбиелеп өсірген абыройлы әке. Қазіргі таңда бес немере жиендеріне қарап отырған үлкен отбасылы ата.

Ардагер әріптесіміздің мұнай-газ саласындағы еңбек жолы 1980 жылы «Автоколонна №2553» мекемесінде жүргізуші қызметінен басталды. Екі жылдық әскери борышын өтеп келгеннен кейін, 1982 жылы, жұмысын «ЭмбаМұнайАвтоматика» серіктестігінде жалғастырды. Одан соң «ЭмбаМұнайГаз» ЖШС-не ауысып, 5-ші разрядты жүргізуші болды. 2007 жылы «Жеміс» мекемесінде механик болып жұмыс істеді. Содан бір жыл өткенде, 2008 жылы, Холдинг құрамындағы еншілес мекеме «ҚазМұнайГаз-Бұрғылау» ЖШС-ге ауысып, транспорт бөлімінде арнайы техника және технологиялық көлік цехының механигі қызметін атқарды. Кейіннен транспорт бөлімінің бастығы лауазымына көтерілді. Ал қазіргі таңда «Мұнай көлік» ЖШС-дегі Пайдалану бөлімінде автоколоннаның аға механигі қызметінде. Осылайша алуан түрлі қызмет сатыларынан өте отырып, қарапайым жұмысшыдан жоғары деңгейлі маман дәрежесіне дейін көтерілді.

Салтанатты рәсім барысында сөз алған ардагер:

– Бақытжан Жағыпарұлы бастаған «Мұнай көлік» ЖШС ұжымына алғысымды білдіремін! Еліміз өркендеп көркейе берсін, жақсы жетістіктерге жете берейік, мұнай-газ



саласындағы беделді мекемелердің бірі болайық! Баршаңызға сәттілік тілеймін! – деп жүрекжарды лебізін білдірді.

Қырық үш жыл бойы мұнай-газ саласына ақ адал еңбегін сіңірген, өмірінің екіден бір бөлігін осы салаға арнаған майталман әріптесіміз Жолдасқали Тәжікұлына еңбегіңіз жана берсін, жаңа жетістіктерге жете беріңіз деген тілегімізді білдіреміз!

Өнегелі отбасы

## «ҰЛЫМДЫ МАҚТАН ТҰТАМЫН!» – дейді әріптесіміз Мұрат Бекмағамбетов



Талантты ешкім қолдан жасай алмайды. Ол – тек әкенің қанымен, ананың сүтімен даритын дара қасиет. Біз білетін сондай өнерлі жастардың бірі – Бақтияр Дүсіп. Ол – спортшы, спорттың үш түрін қатар алып жүрген дарынды жас, спорт шебері деген атақтың үміткері.

Бақтиярдың әкесі – біздің әріптесіміз, «Мұнай көлік» серіктестігіндегі автокран жүргізушісі Мұрат Дүсіпұлы Бекмағамбетов. Жуырда отбасында өнерлі балаларды тәрбиелеп отырған өнегелі әкеге арнайы жолығып, тілдесудің сәті түскен еді.

– Мұрат Дүсіпұлы, өзіңіздің осы мекемедегі еңбек жолыңыз және отбасыңыз жайлы қысқаша айтып өтсеңіз?

– «Мұнай көлік» мекемесіне мен 2018 жылы келгем. Содан бері осында автокран жүргізушісі болып еңбек етудемін.

Отбасым жайлы айтар болсам, бір ұл, үш қызым бар. Балаларымның үлкені – Бақтияр. Ол 2005 жылы наурыз айында дүниеге келген. Қазір Құлсарыдағы Темірхан Байсырымов атындағы гуманитарлық-техникалық колледжінің дене шынықтыру және спорт факультетінде, жаттықтырушы, бапкер мамандығына оқып жатыр.

– Спорт саласындағы мамандықты таңдағанына қарағанда, спортқа бала кезінен әуес секілді ғой?

– Иә, дұрыс айтсыз. Ұлым кішкен-

тай кезінен бері спортты жақсы көреді. Мектепке барғаннан-ақ спорт секцияларына қатысты. Одан соң 12 жасынан бастап дзюдомен айналысты. Нәтижесі жаман болған жоқ, көптеген жетістіктерге жетті. Жақында Астана қаласына барып, дзюдодан спорт шеберлігіне үміткер деген атақты қорғап қайтты.

– Бақтиярды дзюдодан бөлек қазақша күрес, самбомен де айналысады деп естігенбіз?

– Иә, ол рас. Бақтияр дзюдодан қоса қазақша күрес және самбо жекпе-жегімен де айналысады. Мысалы, биыл осы Атырау қаласында самбо жекпе-жегінен өткізілген облыстық жазғы XI гимназиадасында бірінші орынды иеленді. Одан соң Шымкент қаласында ұымдастырылған қазақша күрес жарысына да қатысып, жүлделі оралды.

Сөздің орайы келгенде, менің ұлым секілді жастарды спортқа баулып жүрген бапкер азамат Асылбек Мейрам бауырыма алғысымды айтқым келеді. Спортта бақ шаба ма, бап шаба ма дегендей, балаларымыз осы білімді бапкер жігіттердің арқасында көптеген же-

тістіктерге жетті. Еңбектері жемісті болсын деп тілеймін!

– Қазіргі жастардың көбі жан-жақты ғой. Бақтиярдың спорттан бөлек әуестенетін кәсібі де бар шығар?

– Иә, ондай әуестігі де жоқ емес. Қазіргі кезде әртүрлі шараларды бейнебаянға түсіріп, мобилографиямен айналысып жүр.

– Талапты жасқа жарқын болашақ тілейміз! Ізденісі ілкімді, еңбегі жемісті болсын!

– Рақмет, айтқаныңыз келсін! Жастайынан биіктерге талпынып жүрген ұлымызды отбасымызбен мақтан тұтамыз! Өзі жанындай жақсы көретін спорт саласында атағы шығып, елдің аузына ілігіп, биіктерді бағындырса екен деп анасы екеуіміз әрдайым тілеп отырамыз.

– Сөз соңында әріптестеріңізге айтар бір ауыз тілегіңізді білсек?

– Ұжымдастарымды көктемнің басындағы Әйелдер мерекесімен және ұлтымыз үшін ең ұлық Әз Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Жұмыста жемісті болып, табыстан-табысқа жете берейік!

## ОТБАСЫМ – ДҮНИЕДЕГІ ЕҢ АСЫЛ БАЙЛЫҒЫМ!

**Нұрболат Саримов,**

«Мұнай көлік» ЖШС Көлік-логистикалық бөлімінің үйлестірушісі

2022 жылдың қазан айынан бері осы Көлік-логистикалық бөлімінің үйлестірушісі қызметін атқарам. Үйлестіруші ретіндегі менің басты міндетім – тапсырыс беруші мекемелердің күнделікті өтініштері бойынша қажетті көліктерді уақтылы жіберіп отыру.

Жалпы біздің бөлімнің жұмысына байланысты ең алдымен айтқым келе-

тіні – еңбек қауіпсіздігі жөніндегі талаптардың ерекше сақталатыны. Көлік мекемесінде қауіпсіздік мәселесі қашанда бірінші орында тұруға тиіс. Біз осы қағиданы қатаң ұстанамыз.

Кез келген мекемедегі жұмыс сапасы сондағы әр қызметкердің отбасылық жағдайына да байланысты болатыны белгілі. Отбасында ынтымақ-берекесі ұйыған адамның еңбегі де шынайы әрі өнімді болады деп ойлаймын. Міне, осы жағынан алғанда, менің жолым болды, Аллаға шүкір деймін!

2011 жылы қыркүйек айында жолдасым екеуіміз шаңырақ көтердік. Отбасымыз үлкен болса, ата-анамыз немере көрсе, балаларымыз көп болса деп армандадық. Арманымыз орындалып, тұңғыш ұлымыз 2012 жылы тамыздың 1-де дүниеге келді. Атасы Нұрбек деп атын қойды. Тұңғыш немересін ата-әжесі бауырына алды. Тұңғышымнан кейін екінші ұлым 2017 жылдың сәуір айында дүниеге келді. Екінші ұлымның атын ата-әжесі Нұрахмад деп қойды. Екі ұлдан кейін қызды болдық. Қыз бала ерекше тәтті болады екен. Балдай қылықтарымен баурап алғанда ерекше сезімге бөлендім. Қызым қыркүйек айында өмірге келді. Атын Еркенұр деп атадық.

«Адам ұрпағымен мың жасайды» деген текті сөз бар ғой. Міне, сол айтылғандай, өмірдің мәні ұрпақ өсіру екендігін түсіндім. Анасы екеуіміз ұлдарыма ақылды, саналы болуды көп айтамыз. Тұңғышым Нұрбек спортты жақсы көреді, дзюдо күресімен айналысады. Екінші ұлым Нұрахмад мектепалды дайындық класына барып жүр, «Д» сыныбында оқиды. Екеуі де И. Тайманов атындағы орта мектептің оқушылары. Оқуда озат, мінездері алғыр, көркемсөз оқып ер жетіп келе жатқан ұлдарыма қарап бір марқайып қаламыз анасы екеуіміз.

Үлкен ұлым Нұрбектің арманы көп. Сол армандарының бірі – күрестен әлем чемпионы болу. Оның 7 жасынан бастап күреске қатысып, жаттығу залдарына барып жүргені де сондықтан. Қазір дзюдо күресінен жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Мысалы, жуырда дзюдодан 2010–2016 жылдары туған жасөспірім ұлдар мен қыздардың арасында өткізілген «Jumysker sport club» ашық біріншілігіне қатысып, 38 кг салмақта I орынды жеңіп алды.

Балама бағыт бағдар беріп, дзюдо күресіне деген қызығушылығын арттырып, жетістіктерге жетуіне үлкен үлесін қосып, жігерлендіріп жүрген жаттықтырушысы Еркебаев Рүстем Мырзабайұлына алғысым шексіз! Алдағы үлкен жарыстардан жақсы нәтиже күтеміз.

Екінші ұлым Нұрахмад та ағасынан қалысар емес. Ол да алғыр, мақсатшыл әрі еңбекқор болып өсіп келеді. Жуырда көрнекті ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай ұжымдастырылған «Мұқағали мұрасы» атты мектепалды даярлық және балабақша тәрбиеленушілеріне арналған XII республикалық байқауға «Мәнерлеп оқу» аталымы бойынша қатысып, II орынды иеленді. Баламның ерекше қырын байқап, өнерге баулып, ортаға шығарып жетістікке жетуіне себепкер болған ұстазы Кударова Анар Зинешқызына мың алғыс! Ұлдарым Алланың қалауымен өзім жетпеген жетістіктерге жетсе, атасы мен әжесін қуанып мәртебелерін көтерсе екен деген арманым бар. Нұрбек спортпен қатар домбыра шертеді және шахмат ойнайды. Ал Нұрахмад легио құрастырғанды жақсы көреді.

Баланың әрбір жетістігі ата-ана үшін үлкен қуаныш. Ұлдарымның алғашқы қадамдарына риза болып, іштей марқайып, шүкіршілік айтам! Менің отбасым – бұл дүниедегі ең асыл байлығым!







## ТРУБРЕМЦЕНТР

терге толы жарқын мереке барлықтарыңызға шынайы қуаныш, керемет көңіл күй сыйласын! Жүректеріңізге тәтті үміт, істеріңізге сәттілік, мөлдір махаббат, зор денсаулық және баянды бақыт тілеймін!

### ҚАДІРЛІ ХАНЫМДАР! ҚЫМБАТТЫ ҚАРЫНДАСТАР!

Ұжымдағы ер азаматтар атынан Сіздерді шуақты көктемнің басында келетін Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймын! Жылы тілек-

### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР! СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР!

Ұлыстың ұлы күні – Наурыз мейрамы құтты болсын! Жайма-шуақ жарқын өмірдің бастамасы саналатын көктем мерекесі барлықтарыңызға мол қуаныш пен бақыт сыйласын! Осы күні айтылған тілектердің барлығы қабыл болып, әр отбасына ынтымақ, сыйластық, өзара құрмет пен сүйіспеншілік ұяласын! Жастарыңыз ұзақ, көңілдеріңіз көтеріңкі, аспандарыңыз ашық болсын!

Ізгі ниетпен,  
**Ғазиз Жандос Ғазизұлы,**  
 «ТрубРемЦентр» ЖШС Бас директоры

#### Өндіріс тынысы

## БІРЛІГІ МЫҚТЫ ҰЖЫМНЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

**Орынбек Орынбасаров,**  
 «ТрубРемЦентр» ЖШС

Құбыр өнімдерін жөндеу және өндірумен айналысатын арнайы кешен «ТрубРемЦентр» серіктестігінің дәл қазіргі уақыттағы тыныс-тіршілігі туралы не айтуға болады? Бұл сұрақтың жауабын біз қатардағы жұмысшылардың өз аузынан естігенді жөн санадық.



**Мұсабек Биembетов, «ТрубРемЦентр» ЖШС-нің құбыр жуушы операторы:**

– «ТрубРемЦентр» компаниясына 2011 жылы келгем. Содан бері осында құбыр жуушы оператор қызметін атқарудамын. Негізгі міндетім – сорғы-компрессорлық құбырларды жуып тазалау.

Өндірісте қолданылған құбырларды жуып тазалаудың өз технологиясы болады. Әдетте олардың ішкі қабырғасына топырақ, тұз тәрізді әртүрлі жыныстар жабысып қатып қалады. Міне, сондай заттарды 92-95 градус ыстық сумен шайып тазалаймыз. Қатты жыныстарды жылдам еріту үшін ыстық суға химиялық қосымшалар қосамыз.

Мен үшін ең бастысы, жүктелген тапсырманы уақытында әрі сапалы етіп орындау, тапсырыс беруші компанияның сенімінен шығу. Жоспар бойынша күніне 400 дана құбыр жуылады.

Өмірдегі басты байлығым деп балаларымды айтар едім. Жұбайымыз екеуіміз 5 бала тәрбиелеп отырмыз. Сол ұл-қыздарымды өсіріп жеткізу үшін де жұмысымды бар ықыласыммен атқаруға тырысамын.

Біздің бар өміріміз жұмыста өтіп жатыр. Сондықтан ұжымның жайлы болғаны кез келген адам үшін маңызды ғой. Міне, осы жағынан алғанда, әрдайым қолдау көрсететін ауызбірлігі мықты әріптестеріме және жұмысшылардың денсаулығы мен еңбек қауіпсіздігін әрдайым басты назарда ұстайтын кәсіпорын басшылығына ризамын. Алға қойған мақсаттарымыз орындалып, мекемеміз бұдан да биік белестерге жетсе екен деп тілеймін!



**Мақсат Өтешов, «ТрубРемЦентр» ЖШС-нің құбырларды қысыммен тексеруші операторы:**

– Мен бұл кәсіпорында 2014 жылдан бері еңбек етіп келем. Бастапқыда дәнекерлеуші болып орналасқам. Ал 2018 жылдан бастап құбырларды қысыммен тексеруші оператордың қызметін атқарам. Негізгі міндетім – тапсырыс бойынша келген құбырларды жоғары қысыммен (200 атмосфера) тексеру арқылы жарамды-жарамсыздығын анықтау.

Жұмысымыздың нәтижесі қандай дегенге келсек, әзірге күніне 250-300 дана таза, жарамды құбыр шығарып жатырмыз. Яғни нәтиже жаман емес, жоспарға сай сапалы жұмыс атқарудамыз.

Кез келген өндіріс орнындағы басты мәселелердің бірі – еңбек қауіпсіздігі екендігі мәлім. Осы жағынан алғанда, біздің кәсіпорын басшылығы қызметкерлердің денсаулығы және қауіпсіздік талаптарына айырықша маңыз береді. Әлбетте, ұжымның әлеуметтік жағдайы да әрқашан күн тәртібінен түспейді.

Ұжым дегенде айта кеткім келеді, бір атаның балаларындай өзара тату-тәтті, әрдайым бір-бірін қолдап жүретін әріптестеріме ризамын. Бес бала тәрбиелеп отырған әке болғандықтан өзім сияқты азаматтардың барлығына жақсы денсаулық, отбасылық береке-бірлік тілеймін!



#### Әріптес

## МЕКЕМЕНІҢ АЛҒАШҚЫ ҚЫЗМЕТКЕРІ



Еңбекқорлық, табандылық, тұрақтылық тәрізді асыл қасиеттердің кез келген жанды ұжымға сыйлы етері анық. Міне, сондай тамаша қасиеттерді бойына жинақтаған майталман мамандар біздің «ТрубРемЦентр» серіктестігінде де аз емес. Солардың бірі – шлам бассейндері мен болтушаларды тазалаушы Қайрат Жаулыұлы Илифанов.

Қайрат Жаулыұлы «ТрубРемЦентр» серіктестігінде 2001 жылдан бері жұмыс істейді. Яғни осы кәсіпорын ашылған кезден бері еңбек етіп келе жатқан ең алғашқы қызметкер. Бастапқыда слесарь-баптаушы, қазақы тілмен айтқанда, темір ұстасы болды. 2005 жылы құбырларды жуатын машиналардың машинисі қызметіне ауысты. Ал 2010 жылдан бері шлам бассейнде-

рі мен болтушаларды тазалаушы болып қызмет етеді.

Ұжымдастарының ортасында табандылық, тұрақтылық тәрізді қасиеттерімен жоғары бағаланатын азаматтың жеке өмірі де жастарға үлгі боларлықтай. Ол – өнегелі отағасы, 2 ұл, 1 қыздың әкесі, 1 немеренің атасы. Біз абыройлы әріптесімізді мақтан тұтамыз.

**KPD news**

**KazPetro DRILLING**

kazpetrodrilling.kz

KPD News корпоративтік газеті

Меншік иесі: «KazPetroDrilling» АҚ

Редакция мекенжайы:  
 Алматы қаласы, Чайковский көшесі, 95-үй, 105-кабинет  
 Телефон: 8 (727) 352 70 52

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2019 жылдың 18 сәуірінде тіркеліп, №17672-Г куәлігі берілген.



Шеф редактор:  
 Мұрат МҰҚАШЕВ

Электронды пошта:  
 m.mukhashev@kazpetrodrilling.kz

Дизайнер:  
 Ермек ҚАБЛАНБЕКҰЛЫ

«Компания Leader Offset Printing» ЖШС-ның баспаханасында басылды.

Баспахананың мекенжайы:  
 Алматы қаласы,  
 Райымбек даңғылы 212а/8

Таралымы  
 2000 дана.

Газет 2019 жылдың сәуір айынан шыға бастады.

Екі айда бір рет шығады.